

# Шахметов Камон Хасенович

Шын бөлендім күрмет пен ақ алғысқа,  
Әттең шіркін енді жүрер жол қысқа.

= Камон =



Өмір  
сені сүйемін

с. Бидайық  
2001 ж

**Шахметов Камон Хасенович**

Шын бөлендім құрмет пен ақ алғысқа,  
Әттең шіркін енді жүрер жол қысқа.

**= Камон =**

# **Өмір сені сүйемін**

**с. Бидайық**

**2001 ж**

## **АВТОРДАН**

**Өмірдің көбі кетіп, азы қалған шақта ұрпақтарыма осы өлеңдер Жинағын ұсынып отырмын. Жинақты жарыққа шығаруға ат салысқан Сибанов Амантай мен Икенов Сағидоллаға және Михайлов Валерийге шын жүректен алғысымды айтамын.**

**Камон (Хамидолла)  
Шахметов.**

## **Алғысөз**

Камон Хасенұлы Шахметов – ұстаздық жолмен бірге ақындықты серік еткен алуан сырлы адам. Бұл жинаққа енгізіліп отырған өлеңдерінің тақырыбы әрқилы. Қаламының жүйріктігі қиялының ұшқырлығы бірден сезіліп, оқырмандарын баурап алады.

Камон Хасенұлы 1930 жылы Омбы облысы Азов ауданының Жолбарыс ауылында туған. Омбы мұғалімдер институтын бітірген. Алпысыншы жылдарың соңынан еңбек зейнетіне шыққанға дейін Кокшетау облысы Қызылту ауданы Бидайық селосы орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі болып істеді. Ол мектеп партия ұйымының хатшысы, аудандық « Қызыл ту » және « Кокшетау » газеттерінің жергілікті жердегі белсенді тілшісі болып, елдің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласты, очерктері мен суреттемелері жиі жарық көрді. К. Шахметовтың еңбегі Білім беру министрлігінің, « Білім » қоғамының Құрмет грамоталарымен аталып өтті.

Көпті көрген ұстаз-ақынның бұл туындысы оқушы қауымнан жоғары баға алатыны сөзсіз.

**Сағидолла Икенов**

**Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.**

## **ТӘУЕЛСІЗДІККЕ – 10 ЖЫЛ**

Қалың елім, қайран жұртым, қазағым,  
Тарттың талай сұм жалғанның азабын  
Жасымадың, талқандадың ақыры,  
Патшалық пен партияның тұзағын

Он жыл болды ерікті ел болғалы,  
Болашаққа жарқын жолды салғалы  
Егеменді ел болуды аңсаған,  
Осы еді ғой ата-баба арманы

Ұлы Октябрь әперді деп теңдікті,  
Сендіргенге аңқау халқым сеніпті  
Бос сөз болып қағаздағы бостандық  
Тұншығыпты, бықсып жанып сөніпті


Партияның сөзін сөйлеп мадақтап,  
Оған қарсы шыға алмадық жан сақтап  
"Партком айтты – бітті " деген шешімді,  
Бұл заңсыз деп айта алмадық жалтақтап

Шын мәнінде болмағансоң бостандық,  
Алла сөзін сөйлеуге де жасқандық  
Енді ғана тәуелсіз ел атанып,  
Дінге қайта бетті бұра бастадық

Республикам болғансоң шын халықтық  
Ата баба дәстүрлерін жаңғырттық  
Тәуелсіздік арқасында әлемге,  
Қазақ елін, қазақ жерін таныттық

Ақ тілегім : бейбіт болсын жерімде,  
Бірлік, достық етек жайсын елімде  
Қазақстан – Отанымның көк туы,  
Желбіресін жер шарының төрінде

08/2001жыл



# ОЙЛАН, ТОЛҒАН ӨЗ ҰЛТЫҢДЫ СҮЙСЕҢ ШЫН

Тағдыр құрған сынақтарда сыналып,  
Өттім өмір мектебінен шыңдалып  
Сондықтан да сыр шертейін шындықтан,  
Одақтас ел болған кезді еске алып  
    Партиямыз бізге діннен без деді,  
    "Құдай жоқ, ол- ойдан шыққан сөз"- деді  
    Имандылық жолдан бұрып халқымды,  
    Шоқындыру мақсаттарын көздеді


Адам емес – маймыл деді тегіміз,  
Сұмдық сөзге сескенсек те сендік біз  
Шалғайдағы шағын елдер, мектептер,  
Жойылсын деп бұйрық берді- көндік біз  
    Намаз оқу, ораза ұстау тоқталды  
    Қажылар мен бар моллалар сотталды  
    Мешіттер мен медреселер өртенді,  
    Қылмыскерлер "активист" боп ақталды

Мән бермедік обал, сауап дегенге  
Жеркенбедік харам тағам жегенде  
Митингілеп жерлеп келіп табытпен,  
Арақ іштік төре адам өлгенде  
    Орысшаны мінсіз сөйлеп үйрендік,  
    Қазақшадан қажетсіз деп жирендік  
    Өзіміздің қара көздер тұрғанда,  
    Өзге ұлттардың қыздарына үйлендік

Болмағансоң республикам құқықтық,  
Ата-баба дәстүрлерін ұмыттық  
Модалардан қалмаймыз деп еліктеп,  
Кимедік біз киімдерді ұлттық  
    Аллаға емес-ел басына табындық,  
    Пір тұттық та мадақтадық-жағындық  
    Қорқынышты қылмыстарын көрсек те,  
    Қормеген боп, білмеген боп бағындық

Осы айтылған кемшіліктер жойылсын,  
Жолдарына тосқауылдар қойылсын  
Жақсылықтың жаршысы бол, жас ұрпақ  
Ойлан, толған өз ұлтыңды сүйсең шын  
    Отанымның болашағы- жас буын,  
    Қолдарыңда өнер, білім, бар ғылым  
    Ұлтымыздың дәстүрлерін қорлатпай,  
    Көтеріңдер көкке елдің көк туын.

30.07. 2001жыл



# ДАРХАН ДАЛАМ - КӨКШЕТАУ

Секілді көпті көрген ақбас батыр,  
Көсіліп Сарыарқада Көкшем жатыр.  
Тарихтың айғағындай ескерткіш боп,  
Тігілген жер бетінде сәнді шатыр.

Өмірдің талай сырын ішке түйіп,  
Көкше тұр ер халқына басын иіп,  
Төсінде еркелесе аң мең құстар,  
Етегін көлдер жатыр шөп-шөп сүйіп.

Таулар көп таң қаларлық жер бетінде,  
Көлдер көп сұлулық мол келбетінде.  
Мәселен Айнакөлді сынға салса,  
Кім басын имес Көкше құдретіңе!

Атанған жер жұмағы Көкшетауым,  
Суың бал, жерің майса, сұлу тауың,  
Сиса егер бауырыңа орнар еді,  
Әлемде сені білген барлық қауым.

Көкшетау-Арқадағы дарқан далам,  
Көкшетау-тынысы кең сұлу қалам.

Киініп жанат ішік гүл тағынып,

Тұнып тұр сұлулыққа сай мен салам.


Ежелден Көкше жері -құнарлы жер,  
Көз тартқан көркіменен шырайлы бел.

Орманы- табиғаттың көк көрмесі,  
Бұлағы жанға дәрі-таусылмас сөл.

Сұрасаң Көкше сырын Жұмбақ тастан,  
Әр шыңы Көкшетаудың жеке дастан.

Оқжетпес, Жөкебатыр, Ақбас бура,  
Қаланған ескерткіштер өуел бастан.

Көкшенің хас сұлудай жері сөнді,  
Көкшенің қасиетті наны дәмді.  
Қаһарман, тың игерген халқы батыр,  
Жасарған өн даласы алтын дәмді.



## **МАҚТАНЫШЫМ - СОВХОЗЫМ**

Қуан бүгін "Теке теңіз" даласы,  
Қуан бүгін көп ұлтты елдің баласы,  
Толсын бүгін ән мен күйге орденді  
Совхозымның сайы менен саласы.

Алып күшің азаймайтын ортайып,  
Ерлігіңе алған сыйың лап-лайық.  
Табиғаттың тамығындай жерлерді  
Гүл бақшаға айналдырған "Бидайық".

Лаулап жанған ұлы достық шырағы,  
Он үш ұлттың өкілінің тұрағы.

Тың көтерді, тасытты ел дәулетін,  
Алға тартып шабытты еңбек пырағы.

Сол бір күндер кетер емес есімнен,  
Қиындықты бастан талай кешірген.

Ерлеріме бас иемін риза боп,  
Партия мен тың бесігі өсірген.

Жеңістерден жеңістерге жете бер,  
Талай асу белестерден өте бер.


Дән сапырған ер тұлғалы диқандар  
Әлі бізді талай шыңға жетелер.

## **МЕНИҢ ЕЛІМ**

Ел десем ет жүрегім елжіреді  
Нұрланып бет ажарым күлімдейді  
Мен туып өскен елім, байтақ жерім  
Біз сенің Отаның деп күбірлейді

Достықтың кең арнасы менің елім,  
Байлықтың кең қамбасы менің жерім  
Елімді державаға айналдырған,  
Жасасын Компартия кемеңгерім

Халқымның тұрағы бір, тілегі бір,  
Тамырлас тарихы бір-таусылмас жыр,  
Біз елміз еркімізбен Одақ құрған,  
Біз елміз, керек десең, жүрегі бір.





# "БУДЁННЫЙ" ДЕП АТАЛҒАН АЛТЫН ОРДАМ

Бірікпей бір кездерде бастарымыз,  
Еріксіз елден кетті жастарымыз  
Бұл күнде "қайран елім, қайран жұрт"-деп  
Әр жерде зарлап жүрміз жас кәріміз.

Өмірдің қайран қалам жалғанына,  
Адамды жеткізбейтін арманына.  
Қазақтың қай баласы қайғы жемес,  
Айырылып ел-жұртынан қалғанында.

Жолбарыс, Қожан-Бекен, Дәргер-Сексен,  
Бөлекбай болмады ма жермен жексен.  
Қайдасың Құттымбет пен Пішенбайым,  
Ежелден іргелес боп қатар өскен.

Қайдасың Қаратал мен Сағынайым,  
Бәкізе, Борсық, Болат, Ырыспайым.  
Көзіме жас келеді көңілім босап,  
Топырағын туған жердің көрген сайын.


Қымбатым Жолбарысым - туған елім,  
Бала боп ойын - сауық құрған жерім.  
Шырылдап мен түскенде етегіне,  
Тәнімді кіндік шешем жуған жерім.

Барғанда туған өлге сағынғасын,  
Үйімнің таба алмадым ірге тасын.  
Құшақтап құрай өскен ескі жұртқа,  
Ағыздым мөлдіреген көздің жасын.

Қайдасың кіндік қаным тамған жерім,  
Анамның ақ сүтіне қанған жерім.  
Мектеп пен жақсылардан тәрбие алып,  
Азамат болып атқа қонған жерім.

Тоқырау кездерінде талқандалған,  
Елімнің халқы кетіп, жұрты қалған.  
Әр жерде мекен еткен ағайынның,  
Бір жерге басын косу-болды-ау арман.

"Жойылсын шалғайдағы шағын елдер",  
Деп әмір берген кімдер - қандай "ерлер".  
Кей "мықты" басшылардың кесірінен,  
Қор болды - ау құнары мол талай жерлер.  
Тозған жұрт қайтадан ел болар ма екен?  
Қайта кеп тұғырына қонар ма екен?  
Жас ұрпақ ата-баба мекеніне,  
Ел шамын жарқыратып жағар ма екен?



Па шіркін, орындалса осы арманым,  
Емәс пә өң бақытты шал болғаным.  
Өсіңдер ауылдас боп, бауырлас боп,  
Тіләймін бастарыңа бақ қонғанын.

## **РЕСПУБЛИКАМ – ГҮЛСТАНЫМ**

Советтік Қазақстан-гүлстаным,  
Шыңына 60 жастың шыққан шағың.  
Екпінді еңбегімен ер атанған,  
Көп ұлтты халқың сенің-алтын таңың.  
Біз өттік 60 жылда талай қырдан,  
Күш алып Ленин шашқан ұшқын нұрдан,  
Бермесін табиғаттың тартып алып.  
Космосқа жол да салдық Байқоңырдан.  
Кеш жаттық, ерте тұрдық- еңбек еттік,  
Сан рет соғыс құрған сыннан өттік,  
Құрытып адамзаттың ата жауын,  
Жеңіске жау қамалын бұзып жеттік.  
Дәуірі қайта даму-қайта келді,  
Ерінбей еңбек еттік төгіп терді.  
Айбынды мемлекетке айналдырдық,  
Советтік социалистік ерікті елді.  
Жүгендеп табиғаттың тағы күшін,  
Жұмсадық адамзаттың бақыты үшін,  
Игертен тың жерлерді игілікке,  
Мың жаса, Компартия-алып күшім.  
Лениншіл Компартия-шам шырағым,  
60 жас кемеліңе қелген шағың,  
Өзіңнен қуат алып жатыр ағып.  
Миллиард деп аталған дән бұлағың.  
Көрмедей қазағымның кең даласы,  
Көрікті - көз тартарлық әр қаласы.  
Бір кезде боз шөп басқан жүдеу жері,  
Бұл күнде мол астықтың кең қамбасы.  
Меймандос мейірімді қазақ халқы,  
Еңбекшіл ел атанып шыққан даңқы,  
Ол диқан әрі малшы әрі әнші,  
Табысын тойға тарту-ескі салты.  
Байлығым -берекелі байтақ жерім,  
Өркендеп өндірісі өскен елім.  
Тау кенін шахталардан шығып жатқан,  
Балқытқан тоқ күшімен Өскеменім.



Алматым-гүлді астанам-сәнді қалам,  
Маңғыстау -мұнайлы аудан нұрға шомған.  
Көмірден тау тұрғызса Екібастұз ,  
Көкшемнің қойнауына астық толған.

Қарасам республикамның мен ізіне,  
Төрт орден беріліпті бір өзіне.  
Бұл күнде бара жатыр байлық сомдап,  
Кезекті он бесінші съезіне.


## **З Е Р Е Н Д І**

Уа, Зеренді, естуші едім даңқыңды,  
Білетінмін еңбексүйгіш салтыңды.  
Аш қойныңды, аймалайын төсіңді,  
Ән шырқайын, ардақтайын халқыңды.  
Ну қарағай аспанменен таласып,  
Көлге төніп тауларың тұр жарасып.  
Жұпар иіс-мөлдіріңе мас болып,  
Орманыңда кетер ме екем адасып?!

Таң алдында оянғанда тіршілік.  
Тұрды ғажап табиғаттан үн шығып.  
Ойға батып өлең жазбақ болғанда,  
Жерге нұрын төге салды Күн шығып.  
Көркем екен Зерендінің даласы,  
Таулы-тасты сайы менен саласы.  
Қандай сұлу аққу құстай таранып,  
Көл жағалай қона қалған қаласы.

## **БУРАБАЙ -ЖЕР ЖҰМАҒЫ**

Таңертеңнен нұр төгілді,  
Той толқыған жерлерге.  
Жүрегімнен жыр төгілді,  
Бурабайға келгенде.  
Бауырыңа арнай келдім,  
Бурабайым- жұмағым.  
Көріп жаңа сәлем бердім,  
Жұмбақтастың тұрағын.  
Бұдан бұрын талай келіп,  
Шыққам биік шыңыңа.  
Тауларыңнан гүлдер теріп,  
Арқау қылғам жырыма.  
Көк толқынды көлің жасып,  
Жатады екен шертіп сыр.  
Ақ моншақтан шашу шашып,  
Тұрады екен төгіп нұр.



## ЖҰМБАҚТАС

Аралап Бурабайдың тау мен тасын,  
Бөгелдім көрейін деп Жұмбақтасын.  
Табиғат қалай ғана тастан құйған,  
Айдынға ескерткіш қып адам басын.

Жұмбақтас емес пе екен ұлы шешем,  
Атанған "сұлу әже" және шешен.  
Сарғайып күнге күйген жаулығынан,  
Әжемді танып тұрмын керек десең.

Жыр төгіп мөлдір көлдің жағасына,  
Сыр шертіп Оқжетпестей ағасына.  
Таусылмас жыр бұлағы - Жұмбақтасты,  
Ұқсатам Көкшенің бір данасына.

Әлде бұл тас боп қатып ұйқтап жатқан,  
Батырдың артта қалған анасы ма?

Күш болып құдіретті өз алдына,  
Жансыз тас өз орнынан қозғалды ма?  
Жұмбағын Жұмбақтастың ал шешіп көр,  
Қыз болып кетті әлгі көз алдымда.

Сұлу қыз табиғатпен сыбырласып,  
Сырласып тұрады екен жымыңдасып.

Аққуға Айнакөлде шомып жүрген,  
Көк толқын тұрады екен көбік шашып.

Біржан - сал, Ақан-сері, Балуан-Шолақ  
Сұлуға саған ұқсас болған ғашық.  
Сәкен мен Сәбит сенің тарихыңды,  
Әлемге жыр қып төккен сырыңды ашпы.

Ақтоқты не Ботагөз сенің атың,  
Болмаса сен өзімнің Салтанатым.  
Отымен жүрегімнің бірге сөнер,  
Жұмбақтас саған деген махаббатым.

## БАҚЫТ ТАҢЫН АТЫРҒАН

Бір кездерде халық болдық адасқан,  
Жан болды ма сонда бізбен санасқан.  
Тек Октябрь таңы атқанда ел болдық,  
Бауырластық, достық салты жарасқан.

Ұлы Октябрь-бостандықтың шырағы.  
Ұлы Октябрь-еңбекші елдің тұрағы.  
Ұлы Октябрь-орақ, балға Одағы.  
Ұлы Октябрь-таусылмас жыр бұлағы.

Мақтан етем Ұлы Октябрь жеңісін,  
Өйткені ол бақыт жаңа ел үшін.  
Ұлы Ленин, Компартия, Октябрь,  
Бұл сөздерден қымбат сөз жоқ мен үшін.

## ЖИЫРМА БЕС

Жиырма бес- жыр бұлағы-жігіт жасы.

Жиырма бес- сыр сандығы- гаухар тасы.

Жиырма бес- махаббатың қайнар көзі,

Жиырма бес- аңыз болған шыңнын басы.

Жиырма бес қызығыңа тоя алмадым,

Мінезді бойға біткен жоя алмадым.

Сұлу қыз, жас келіншек көзге түссе,

Қағытып, қалжыңдауды қоя алмадым.

Тоқтатып 25- ті тұра алмадым,

Алдына берік тұзақ құра алмадым.

Жымиып 25-ім алға басты,

Сондықтан артқа мойын бұра алмадым.

Басымнан 25-ім өтіп кетті,

Көзімнен жастық оты жарқ - жұрқ етті.

Мендағы 25-тің серігі деп,

26-"жалпақ табан" келіп жетті.

Тізгінді 26-ға беріп тұрмын,

Оның да жастығына сеніп тұрмын.

Жүрегім бұрынғыдай соқпаған соң,

Сақалар санағына еніп тұрмын.

Өйткені бас байланды "шүйке басқа",

Сол "бастың" бөгеті көп біздей жасқа.

Аяққа жіпсіз тұсау түскеннен соң,

Қыздарды мәжбүр болдым ойламасқа.

Мойынға сақалықты ала алмадым,

Себебі-жастыққа шын қана алмадым.

Қаншама жасарам деп қырынсам да,

Сақал мен мұртқа ие бола алмадым.

Түн қатып бұрынғыдай жүре алмадым,

Түлкіні алдан қашқан ұра алмадым.

Көшеде қолтықтасып қатар жүріп,

Қыздармен өзілдесіп күле алмадым.

Қоғамын 25-тің қия алмадым,

Көп уақыт қылықтарын тия алмадым.

Мысалы: Шолпан сезіп қоя ма деп,


Жас қызбен жеке үйге сия алмадым.

Бөбектер 25-ке келе берсін,

Қызығын жас өмірдің көре берсін.

Маңызын бұл өлеңнің түсінген жан,

Егерде ерінбесе төре берсін.



## 50-ЖЫЛДЫҒЫМА

Жарқ етіп жас дәуреннің өткені ме?  
Келмеске қоштаспай да кеткені ме?  
Балдырған бала едім ғой кеше ғана,  
Сақылдап сақалықтың жеткені ме?

Қайдасың балдан тәтті балалығым,  
Ойнайтын ертелі-кеш таппай тыным.  
Қайдасың көрген түстей өтіп кеткен,  
25-жастық шақта шыққан шыңым.

Ойын мен күлкісі көп күндер қайа,  
Көктемде біз теретін гүлдер қайда?  
Құрып ап ай астына алты бақан.  
Қыздармен ән шырқайтын түндер қайда?

Жентектеп ірімшікті сары майға,  
Жейміз деп жеке жерде түскі шайда.  
Қойынға қапыл-құпыл тыға салып,  
Зытқанда бізге жетер жүйрік қайда.

Кім жылдам жетеді деп көюжиекке,  
Жарысып төкпеуші ме ек терді текке.  
Күн батып, түн түңлігін түсіргенде,  
Ойнауға кетпеуші ме ек ақсүйекке.

Ұшқанда қу ақ сүйек бастан асып,  
Кететін кейбір қыздар лезде адасып.  
Қызығы ақсүйектің қызда екенін,  
Сол кезде білмеппін ғой қара басып.

Фасырдың жарты жасын белден басып,  
Алпысқа аяңдадым алшаң басып.  
Халқыммен өттім өмір мектебінен,  
30 жыл жас ұрпақпен қол ұстасып.

Білмеймін аз ба көп пе қалған өмір,  
Әйтеуір жаныма жат жалған өмір.  
Еркіммен енді 50 жыл жасасам да,  
Артымда қалар бір күн арманды өмір.

30 жыл тәрбиелеп жас ұрпақты,  
Ақтадым "ұстаз" деген ұлы атақты.  
Бұл күнде шәкірттерім - көпшілігі,  
Ардақты азаматтар ұлағатты.

Ризамын ата-анама өмір берген,  
Мен үшін тәтті ұйқысын талай бөлген.  
Тарихта атым қалмас, бірақ сөнем,  
Ұмытпас ұрпақтарым соңыма өрген.

## **БАҚЫТ ҚҰСЫ ҚОНҒАН ЕЛ**

Құтты болсын егемендік алған күн,  
Болашаққа айқын жолды салған күн.  
Бостандыққа қолы жетіп халқымның,  
Бақыт құсы басына кеп қонған күн.

Республикам, құтты болсын мерекөң,  
Күн-күн санап арта берсін берекөң.  
Отанымның ақ туының астында,  
Ақ босағаң бай елдермен болсын тең.

Түстің талай тәлкегіне тағдырдың,  
Көндің оған әмірі деп тәңірдің.  
Бұл күндері егеменді елдердің,  
Бірі болып бар әлемге танылдың.

Етек алып қымбатшылық, зәрулік,  
Арқамызға түсті-ау бүгін ауыр жүк.  
Әйтседе біз болашаққа сенейік,  
Қиыншылық болмақшы емес мәңгілік.

Арта берсін өрікті еңбек қарқыны,  
Соқпасын тек парықсыздық салқыны.  
Жеңістерге толы болсын жастардың,  
Отан үшін қызмет еткен әр күні.


Берік болсын ұлтаралық қатынас,  
Бауырластар! Бір-біріңе болма қас.  
Заңсыздыққа жол бермесек жұмыла,  
Еліміздің ірге тасы бұзылмас.

Жаса, бірлік! Ұлы күш боп саналған,  
Жаса достық! Күрестерде сыналған.  
Жетер енді жүргеніміз жетекте,  
Ел болайық қайта түлеп жаңарған!

## **ЫСҚАҚОВА БАЯНҒА**

Гиппократтың, антынан еш таймастан,  
Ажал атты алып күшпен айқасқан.  
Қарындастың қанат жайған даңқына,  
Жас кандидат деген атақ жарасқан.

Қарсаңында келе жатқан сайлаудың,  
Кімге дауыс берген жөн деп ойландым.  
Өзің болдың қалағаным, қарындас,  
Орындалсын жоспарларың, ойларың.



## **ЖАЛЫНДАҒАН ШАҚ ЕДІ**

Өтті жастық-өмірімнің көктемі,  
Ағып өткен жұлдызға ұқсап көктегі.  
Бірақ оның ыстық шоғын жалынды  
Өшіретін күш өмірде жоқ тегі.

Елес болды ол естен еш кетпейтін,  
Жұлдыз болды созсам қолым жетпейтін.  
Қайран жастық өң мен түстей өттің де,  
Жырға айналдың жырлай берсем бітпейтін.

Өтті жастық қырғын соғыс жылдары,  
Иыққа артып жеңіс жүгін тылдағы.  
Батырларша еңбек етті елімнің  
Лениншіл жас қыздары мен ұлдары.

Қатарында өстім сондай жастардың,  
Тілегі бір тағдырлас жас достардың.  
Комсомолдың туын көкке көтерген,  
Жолдастарды әрқашанда қостадым.

Ертелі-кеш ағалардан жөн сұрап,  
Шыңға өрледік бір сүрініп, бір құлап.  
Әлі есімде "Комсомолдар алға!" деп,  
Алғы шепте жүрген күндер уралап.

Лениншіл жас болашағы халқымның  
Құтты болсын туған күнің жарқыным.  
Шық шыңдарға тоқырауға жол бермей,  
Жеделдетіп қайта құру қарқынын.

## **ӨЛЕҢ ТУРАЛЫ СЫР**

Менің елім думан, сауық ордасы.  
Менің жерім ән мен күйдің арнасы.  
Ән мен күйлер мәдениет айнасы.  
Ән мен күйлер ғасырлардың құрдасы.  
Өлең- өнер, рухани алып күш.  
Жүректерде қанаттанған ұшқыр құс.  
Өнер сүйсең өлеңді сүй Абайша.  
Әнді сүйсең Күләштәй сүй - бұлбұл құс.

Өлең сенің өміріңе қанықпын.  
Сен жасампаз тармағысың тарихтың.  
Сен тазасың таң бұлағы тәрізді.  
Сен таусылмас байлығысың халықтың.

Өлең менің өрісі кең өмірім.  
Ертелі - кеш сырласатын серігім.  
Жүрегімнен жыр төгіліп жатпаса,  
Жай жатпайды - жабырқайды көңілім.



## **ЕЛ АЗАМАТТАРЫНА**

Қызыл тіл сөйлей білсең-бәрдім ерік,  
Үніме қарт домбыра болсаң серік.  
Кәрі-жас қалау етті-қабыл еттім  
Сөйлейін қиял ойға ерік бөріп.

Қарттарым көпті көрген құлағың сал,  
Күндерді бастан кешкен есіңе ал.  
Өмірден жас та өтті,кәрі де өтті,  
Болды ма соларға опа дүние-мал.

Өмірден Қозы-көрпеш,Баян да өткен,  
Бірі үшін, бірі жанын құрбан өткен.  
Төлеген Қособада қапыда өлді,  
Тілеген тілегіне кімдер жеткен.

Айналдым аруағыңнан Еңлік-Кебек,  
Бас идім табытыңа батыр Ермек.  
Ер болсаң Ермектей бол елін сүйген,  
Жауынан кегін алған жүз еселеп.

Солар да жүрген жоқ еді өлім тілеп,  
Жүргенде ең бақытты өмір тілеп.  
Алам деп ажал шіркін айтып келмес,  
Алатын адамына оғын тіреп.

Әлбетте өткен қайтып келмекші емес.  
Ал адам ажал жетпей өлмекші емес.  
Адамның өзі өлсе де аты өлмейді,  
Күн көзі түн болғанмен сөнбекші емес.

Адам кім? Адам-өмір қалаушысы,  
Өлім не? Өлім-өмір жолаушысы.  
Жоқты бар, барды жоқ қып жіберетін,  
Ғажап қой ойлап тұрсаң өмір күші.

Батыстан ажал оты оқ боп жауып,  
Бір кезде ел басына төнді қауып.  
Білмеді ефрейтор есер Гитлер  
Өлерін арыстандай Айға шауып.

Аттанды қан майданға қалың елім,  
Бас байлап қорғамақ боп туған жерін  
Солардың қатарында қару алып,  
Менің де кетті елімнен өрендерім.

Ер жүрек өлдің ұлы-Боранбайым,  
Тұлғаңа тоймаушы едік көрген сайын,  
Тағдырдың тұзағына түскен болсаң,  
Топырағың торқа болсын жарық айым.

Кәрі әкең сені ойласа егіледі  
Көл болып көзден жасы төгіледі.  
Көнбеске амалы жоқ өлмеген соң,  
Әйтпесе қиятұғын өмір ме еді?

Жас жалын Қайыр қайда бауырласым,  
Көлмеске кеткенің бе асыл тасым.  
Кәрі анаң көпейім деп зар еңреп,  
Өткізді қайғымөнен қалған жасын.  
Өнерге құмар болған бала жастан,  
Өмірің жыр қып жазсам жеке дастан.  
Сені де арамыздан алып көтті,  
Сұм ажал жастығыңа қарамастан.  
Арнадым Садық саған зар сөзімді,  
Жүруші өк көпке балап бір өзіңді.  
Жаңбырдай жауған ажал оғы тиіп,  
Жұмдың ба жалын атқан қос көзіңді.  
Ағажан жетімдікті жастай көрдің,  
Тұрмыстың толқынына төзіп көрдің.  
Көз ашып, ер азамат болған шақта,  
Жарқырап жанған жалын неге сөндің?  
Жан аз ба жас кезінде жетім қалған,  
Жар аз ба жас бетіне әжім салған.  
Япырмай, ажал неткен арсыз едің.  
Атадан жалғыз өскен Айтпайды алған.

Жазылмас бітеу жара сарнағанға,  
Тірілмес өлген баурым зарлағанға.  
Қазақтың қай баласы қайғы жемес,  
Әке өліп, артта тұяқ қалмағанға.  
Жолбарыс туып өскен мәнің елім,  
Жоғалтқан қан майданда талай ерін  
Арманды жыр қып жаздым шықсын сыртқа,  
Көп жылдар көкірегімде жүрген шерім.

## Ә К Е М Е

Терең ой тербетпей ме қайғы зарды,  
Айтайын өлең қылып ойда барды.  
Біссимиллә белгілі сөз өздеріңе,  
Басталсын осылайша сөздің алды.  
Уақиға таңқаларлық бастан өткен,  
Әкемнің жалғызы едім еркелеткен.  
Жетімдік өміріңе серікпін деп,  
Ақшамның ақырында келіп жеткен.  
Жетімдік он жетімде басқа түстің,  
Қайғының қапаменен уын іштім  
Жетімнің жетілетін күні бар ма?  
Мезгілсіз бұл уақытта торға түстім.  
Жан әкем қара жерді етті мекен,  
Жасыма көп қайғырып сен де Көкен.  
Арылмай арғы атадан келе жатқан,  
Жетімдік босағаға жазған екен.

Ғажайып жан әкемнің жоқ болғаны,  
Ажалдың адамзатқа оқ болғаны.  
Өлімнің өрті шалса жан-тәніңді,  
Шыбын жан сөнетуғын шоқ болғаны.

Ажал кеп жан әкемнің жанын алдың,  
Сен неге жаным әке кете қалдың?  
Тұяғың - сүйікті ұлың мен емес пе ем,  
Менің де қызығымды көре алмадың.

Қалыпсың жетім болып он біріңде,  
Еш қызық көре алмапсың өміріңде.  
Өмірдің қызығына тоймаған соң,  
Қайғы мен арман кетті көңіліңде.

Әкемнің жар басынан құлағаны,  
Біздейін жетімдердің шулағаны.  
Жанына қай жақынның батар екен,  
Бір үйде үш жетімнің жылағаны.

Әкежан мені тастап кеттің қайда,  
Жоқ еді-ау жетім болу біздің ойда.  
Көзімнен қан аралас жас ақса да,  
Қайырылып әкежаным келмес қайра.

Тасболат екі жаста туған інім,  
Не болар ілгеріде сенің күнің.  
Білмейсің балалықпен жетімдікті,  
Бауырым қолқанатым-жарық күнім.

Жетпіс бес жасқа келген кәрі шешем,  
Бұзылмас сөздің сәні шешем десем.  
Өсірдің тәрбиелеп мені жастан,  
Ризамын силығына өзім өлсем.

Зардабын жетімдіктің шешем тартқан,  
Мойнына жетімдікті жастай артқан.  
Артынан өзі өлгенсоң көп ұзатпай,  
Баласын өз қасына ала жатқан.

Дал болар қайғы басса қара басың.  
Мезгілсіз ағарар да қара шашың  
У ішсең уайым жеп бал орнына,  
Бата ма жүрегіңе ішкен асың.

Сұңқар жоқ бүтін қанат бұл жалғанда,  
Тұлпар жоқ бүтін тұяқ ойлағанда.  
Абайлап алды-артыма көз жіберсем,  
Дүниеге келген жанның бәрі арманда.

Жазушы бұл өлеңді Камон атым,  
Сағынып жан өкесін көп ойлайтын.  
"Ата" деп енді кімді айтар екен?  
Бауырым жетім болған Тасболатым.

## **ЛЕНИН МАВЗОЛЕЙІНДЕ**

Армысың данышпаным-Ленин бабам,  
Көкшеден сәлем бере келдім саған.  
Ұлыңмын өмірдіңді үлгі қылған,  
Көркінді бір көруді армандаған.

Ұлыңмын идеяңды шын қолдайтын,  
Мәні зор әр сөзіңді мың толғайтын.  
Төнсе де қайғы-қасірет, қауіп-қатер,  
Жолыңнан өзің салған бір таймайтын.

Алысты даналықпен жақындатып,  
Жатырсың ұлы бабам ойға батып.  
Советтер одағында өзің құрған,  
Келеді коммунизм таңы атып..

## **БЕЛГІСІЗ СОЛДАТ**

Гранитті тас жамылып,  
Жатыр солдат белгісіз.  
Батыр солдат от боп жанып,  
Жатыр жерде қимылсыз.

Өлген жоқсың-сен өлмейсің  
Сен өшпейтін жарықсың.  
Мәңгіліксің-сен сөнбейсің,  
Жүрегінде халықтың.




Осы солдат туыс маған,  
Туыс саған, оқушым,  
Әлде әкең, әлде ағаң,  
Құрбан болған ел үшін.

## **КҮШ-БІРЛІКТЕ**

Бірлік пен туыстық тән халқымызға,  
Ежелден ісіміз сай даңқымызға  
Досқа күлкі, дұшпанға таба болу  
Мүлде жат біздің өмір салтымызға.

Ежелден мекендеген жеріміз бір,  
Ерікті Одақ құрған еліміз бір  
Мен қазақ, сен белорус, ол-осетин,  
Бірақ та бәріміздің тегіміз бір

Дегенмен болмайды ғой мінсіз адам,  
Ендеше болмақ емес мінсіз қоғам.  
Мысалы жүрген жоқ па бас көтеріп,  
Әр жерде сілімтіктер бірең сараң



Қоғамнан аласталсын орыншылдық,  
Ұлтшылдық, жарамсақтық, өзімшілдік.  
Жойылсын ұлтаралық қайшылықтар,  
Дамысын шын достық пен берік бірлік.

## **АҚ ТІЛЕКПЕН**

Қайырлы болсын халқым, Май мейрамы  
Көктемнің нұрға шомған алтын таңы.  
Бейбітшіл адамзаттың бақытына,  
Сөнбесін тіршіліктің жарық шамы.

Жемісті болсын көктем, жерлестерім,  
Бөленсін берекеге жомарт жерің.  
Адымдап жеделдету бағытымен,  
Жете бер жеңістерге сүйікті өлім.

## **ТІЛЕК**

"Он сегізге толсам екен тезірек",-  
деп ұлым жүр әскерге өзін әзірлеп.  
Анасы жүр: "Бола қалам генерал,  
бізді ұмытып кетпессің,"-деп әзілдеп.

Қабыл болсын, Съезбегім, тілегің,  
Отаныңа адал болсын жүрегің.  
Ел намысын батырларша қорғай біл,  
Болаттан да берік болсын білегің.

Әрқашан да ашық болсын аспаның,  
Табыстарға толы болсын жас шағың.  
Жақсы атқарсаң жауынгерлік қызметті,  
Бейбітшілік күреске үлес қосқаның.

Құрытпақ боп біздің батыр халықты,  
Сан рет жау жауыздығын танытты.  
Қиян-кескі шайқастарда бірақ та,  
Жеңімпаз боп жүр Армиям даңқты.

Мейірімсіз бол Отаныңның жауына,  
Алтын беріп тартса да ол бауырына.  
Азаматтық борышыңды атқарып,  
Абыроймен орал туған ауылыңа.

Тарихы мол әділетті күреске,  
Армиямыз толды бүгін 70-ке.  
Жауынгерлік дәстүрлерің молайып,  
Жете бергін жеңістерден-жеңіске.

## **ШАЛҚИ БЕР ШАТТЫҚ ЖЫРЫ**

Жаңа жыл құтты болсын жерлестерім,  
Жемісті бола берсін еңбектерің.

Диқаншы, малшы, қойшы қауымдары,  
Ақталсын әрқашанда маңдай терің.

Жер-ана адамзаттың шаңырағы,

Сөнбесін мәңгі оның шамшырағы.

Арқалап бақыт жүгін жыл келгенде,

Төгілсін Жер шарына жыр бұлағы.

Тарихта ізің қалсын Жаңа жылым,

Еңбек ет, ертелі кеш таппай тыным.

Алдағы он екінші бесжылдықта,

Жеңіске толы болсын әрбір күнің.

Еске алып өткен жылдың жеке өзін,

Қолдаймыз бейбітшілік келіссөзін,

Сеніммен қарсы аламыз партияның,

Кезекті жиырма жетінші съезін.

### **ТӨРЛЕТ, 92-і**

Мынау заман бара жатқан зымырап,

Тұңғиыққа кете жаздап құлдырап.

Бар саясат сәтсіздікке ұшырап,

Кетті-ау шіркін он бес елім ыдырап.

Келді, міне, тағы да бір Жаңа Жыл,

Кеңістіктен табиғатқа шашып нұр.

Дағдарысқа душар болған халқымның,

Ақ тілегін жаратушым, қабыл қыл.

Жыл құсының қанаттары талмасын,

Тұрмысымыз жақсартылсын-самғасын.

Арамызға іріткі салып жүргендер,

Қарғыс атып, бұл жалғанда оңбасын.

Еріксізден ел жұртынан айырылған,

Бауырларым ұмытпасын ордасын.

Талай-талай қанатынан қайырылған,


Қазағымды аллам өзі оңдасын.

Әміршілер төрден орын алмасын,

Сатқындары жазаланбай қалмасын.

Қолдау тауып әлеуметтік заңдылық,

Әділетті бейбіт өмір орнасын.



## **КӨКТЕМ**

Төгіліп күн сәулесі жер бетіне,  
Кірісті көгалдандыру қызметіне.  
Нұр шашып тіршіліктің тұрағына,  
Сұлулық бейне берді келбетіне.

Жер-ана жаңа ғана жаралғандай,  
Көрінді қызғалдаққа оранғандай.  
Табиғат ақ бұлақтан бетін жуып,  
Құлпырды қысқы ұйқыдан оянғандай.

Диқаншы! Еңбеккерсің ел мақтаған,  
Кезекті сын сағаты туды саған.  
Сенеді мол астығын алады деп,  
Сүйікті партияң мен Отан-анаң.

## **АҚ ТІЛЕК**

Армысың Аяз-Ата - елші Ата,  
Көп күттік аңсап сені, сенші Ата.  
Елімнің қайта құру кезеңінің,  
Алғашқы жемістерін көрші Ата.


Қажетті іске айналды әйгілілік,  
Сарқылмас күшке айналды достық, бірлік.  
Өркендеп әділ халық өкіметі,  
Жойылмақ мүлде құрғақ әкімшілік.

Сапырған дүниені оңды-солды,  
Парақор, жемқорлардың шамы сөнді,  
Өзімшіл, өркөкірек менменсіген,  
Бюрократ басшыларға тиым болды.

Азайды алаяқ, сұм саудагерлер,  
Рушыл, ұлтшыл, жершіл "епті ерлер"  
Баса алмай бұрынғыдай "гаккуіне",  
Мүсәпір болды мықты маскүнемдер.

Өкпе жоқ ескі жылға біздің айтар  
Аз емес жаңа жылда шығар шыңдар.  
Сондықтан тоқырауға тұзақ салып,  
Кең өріс алсын елде жаңашылдар.

Тұрағын адамзаттың өрт шалмасын,  
Әлемде соғысқұмар ел болмасын.  
Алдағы жаңа ғасыр қарсаңында,  
Сөздікте "соғыс" деген сөз қалмасын.



# ҚАЗАҚ САХНАСЫНЫҢ САҢЛАҒЫ

Ассалаумағалайкөм, Ермек аға!

Өскелең өнеріңе жетпес баға.

Өзіндей ұл өсіріп алғыс алған,

Есен бе Зылиха атты асыл ана.

Текенің төгілсін жыр даласына,

Құйылсын сайы мен саласына.

Бүгінгі сауық кеші Бидайықтың ,

Арналсын қаз дауысты баласына.

Жырымды сүмбіледей селдетейін,

Әнімді Оқжетпесе өрлетейін.

Тойына елудегі Ермегімнің,

Шашу қып өлеңімді көлдетейін.

Жүз жаса елу жасқа толған айым,

Оралып ұясына қонған айым.

Ауылыңнан жолдау алып, аспанға ұшып,

Жер шарын әсем әнмен шолған айым.

Өмірге әнші туса елден тумақ,

Таусылмас таза бұлақ жерден тумақ.

Әншісі адамзаттың екеу болса,

Біреуі біздің Ермек - аққан бұлақ.

Қазақтың сахнасының саңлағы,

Ажары, абыройы - атқан таңы.

Ел болып еміреніп Ермежанын,

Қарсы алып отыр бүгін шаңырағы.

Отызда қыран құстай көкке самғап,

Әйгілі әнші болып ұшты бағы.

Үкілі Ыбырай мен әнші Әсеттің,

Бұл күнде Ермегімде алтын тағы.

Сөз етсем өзің өскен Бидайықты,

Әрі бай, әрі сұлу, әрі мықты.

Еңбекте ерлік жасап жиырма жаста,

Орденді совхоз деген аты шықты.

Меңгеріп табиғаттың қатал заңын,

Еңбекпен біз көтердік елдің бағын.

Бір кезде ұйқтап жатқан байтақ жердің,

Алтынға айналдырдық топырағын.

Сәулетті орталыққа үйлер салып,

Асфальтты көшелерге шамдар жағып.

Ордаңды салтанатты совхоз қылдық,

Тұрғандай көрген адам қайран қалып.

Елімнің адал ұлы - мақтанышым,

Қажымас қайраты мол алып күшің.

Әр күнің жемісті болып жеңіс берсін,

Бақытың үстем болсын бұлбұл құсым.



## **БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ**

Сенімім, болашағым-балаларым,  
Күн санап өсе берсін саналарың.  
Артады үлкен үміт өздеріңе,  
Сүйікті аталарың, аналарың.

Күрдәлі үлкен өмір алдарыңда,  
Білсеңдер бақыт кілті қолдарыңда.  
Ерлікке толы болсын өмірлөрің,  
Жайқалып гүлдер өссін жолдарыңа.

Тілеймін шаттық өмір жастарыма,  
Қайғы - мұң түспесін деп бастарына.  
Әрқашан өн шырқасын асқақтатып,  
Аққулар әлемнің кең аспанында.

### **БЕЙБІТ ӨМІР БОЛСЫН ДЕП**

Балын жалап, уын ішіп өмірдің,  
Талай өліп, талай рет тірілдім.  
Шынымды айтсам, балалығы бақытсыз,  
Болып өткен миллиондардың бірімін.


Бала едім мен соғыс қырғын жылдары,  
Өткен.маған сол соғыстың ызғары.  
Жоқтау айтып, жанарынан жас төккен,  
Аналардың құлағымда мұң- зары.

Әлі есімде әрбір жылдың көктемі,  
Ат орнына сиырларды жеккені.  
Бала-шаға, шал-кемпірлер қолдасып,  
Танаптарға қолмен тұқым сепкені.

Масақ тердік, шөп тасыдық, жер жырттық,  
Жас болсақ та еңбек сырын ерте ұқтық.  
Мал да бақтық, шөп те шаптық шалғымен,  
Бала болып ойнаудыда ұмыттық.

Әлі есімде сол кездегі қаталдық,  
Бірлік, достық, қайырымдылық, адалдық.  
Жауды жеңіп, жеңіс туын көтердік,  
Бар әлемге қаһарман ел атандық.

Біздің тілек - бүлінбесін жер мен көк,  
Атылмасын соғыс деген ажал оқ.  
Әр салада адал еңбек етейік,  
Елімізде бейбіт өмір болсын деп.



## **АРҚА СҮЙЕП ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАРЛЫҚҚА**

Кеттім асып пайғамбардың жасынан,

Ризамын - жеткізді Алла осыған.

Қазақтың бір қарапайым шалымын,

Әрқашанда табылатын қасыңнан

Шындықты іздеп шырылдадым жасымнан,

Талай сынды өткіздім өз басымнан.

Емес пе екен ауыр жолдың айғағы,

Бір қара тал таба алмайсың шашымнан.

Өттім өмір мектебінен шыңдалып ,

Талаптанып, жақсылардан үлгі алып.

Қартайғанда тар заманға тап болдым,

Соның жырын, тыңда оқушым, зер салып.

Дейді қарттар:"Фәни заман өзгерді";

Өзгергенді жүрек сезді, көз көрді.

Мұның бәрін табиғаттық заң делік.

Заңсыздықты жасауға кім жол берді?

Кеңестер жоқ, әкімдер бар әр елде,

Жасақшыдан қарақшы көп әр жерде.

Жанға батты - ау қымбатшылық, жоқшылық.

Қайда барып тірелеміз түбінде.

Алып - сатар саудагерлер молайды,

Олар жұртты ұрмай - соқпай тонайды.

Ауыздықсыз алаяқтар аяусыз,

Қарапайым халқымызды қанайды.

Тез арада жақсармаса басшылық,

Төрімізден кетпес келген тапшылық.

Ақ ниетпен адал еңбек етпесек,

Жерімізге көктен түспес жақсылық.

Қашанғы біз көнбекшіміз қорлыққа,

Озбырлыққа, ұрлық -қарлық, зорлыққа.

Қоғам болып күресейік қылмыспен,

Арқа сүйеп президенттік жарлыққа.



## **ЕЛ ҚАЛАУЛЫСЫНА**

Ел сөнімін іс жүзінде ақтай біл!  
Бірлік, достық дәстүрлерін сақтай біл!  
Адал болып депутаттық борышқа,  
Әрқашанда әділеттік сақтай біл!

Жоқшылықтың шығып жүрген жолын тап,  
Тоқшылықтың таусылмайтын қорын тап.  
Біліміңмен тәжірибеңді қолданып,  
Дағдарыстың тамырына балта шап.

Аманатын орындаңдар халқыңның,  
Басына оның түсірмеңдер қайғы-мұң.  
Қорған болсын ел жұртына заң орны,  
Парламент деп аталатын биік шың.

## **НАУРЫЗ ТОЙЫНА**

Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар, халайық!  
Наурыз келді - ел боп қарсы алайық!  
Үйде отырмай ұлы күні ұлыстың,  
Той тойлайық, елмен бірге болайық!

Жасымызға жас қосылсын қой жылы,  
Басымызға бас қосылсын қой жылы.  
Өркендесін Одақ-ортақ үйіміз,  
Деп тілейік осы ұлы той күні.

Әрбір үйдің дастарханы кеңейсін,  
Жежжаты мен ұрпақтары көбейсін.  
Ортамызда өзге ұлттың өкілі,  
Болса оны демейік біз "өгейсің".

Биік болсын шаңырағы елімінің,  
Берік болсын шекарасы жерімінің.  
Ірге тасы бұзылмасын Одақтың,  
Ол жемісі-аққан қан мен терімнің.

Өкпелескен ағайындар табыссын!  
Бір-бірінен құрметпен дәм татыссын.  
Күншілдік пен өшпенділік жойылсын,  
Ұмытпайық осылардың бәрі сын.

Берік болсын бірлік, достық-тіректер,  
Соқсын бірге отансүйгіш жүректер.  
Бабаларым "көп тілегі көл" деген  
Қабыл болсын айтылған ақ тілектер!



## **АЛЫСТАН КЕЛГЕН АҒАЙЫНҒА**

Өмір-теңіз басылмайтын толқыны,  
Кейде баяу, кейде күшті қарқыны.  
Сол толқынмен шетке шыққан бауырлар,  
Келіп жатыр ел-жұртына әр күні.

Хош келдіңдер ата мекен жеріне,  
Егеменді Қазақстан еліне.

Отаным деп аңсап келген туыстар,  
Шығыңыздар ордамыздың төріне.

Айырылмай асыл ана тілінен,  
Қасиетті ислам атты дінінен,  
Қандастарым қуанышқа бөленіп,  
Оралдық па,-дейді,-Отанға шынымен.

Ата мекен топырағынан май тамған,  
Шаңырағынан мәңгі сөнбес шам жанған.

Міне осындай қоныстарың қазіргі,  
Орындалсын армандарың аңсаған.

Ынтымақты бірлік болсын бұзылмас,  
Достық болсын ешқашанда мызғымас.  
Ел болайық бейбітсүйгіш, еңбекшіл,  
Қайран қалып таңданғандай дос пен қас.

## **АҒАЙЫННЫҢ ЛЕБІЗІ**

Жолдадым бұл сәлемді Камоныма,  
Белсеңді жігіт болған заманында.  
Түссең де зейнеткерлер тізіміне,  
Беделің бар көрінеді қоғамыңа.

Бізді сен құттықтадың өлеңіңмен,  
Өзіңе құдай берсін өнеріңмен.

Құрметтеп-құшақ жайып қарсы алдыңдар,  
Осы еді күткенім де өз елімнен.

Әр елдің жүрдік бір кез уысында,  
Қорғалап әрбір таудың қуысында.  
Құдайым жәрдемші боп, жол ашылып,  
Қосылдым міне, бүгін туысыма.

Сәлемім Бидайықтың халықына,  
Кәрі-жас, үлкен-кіші барлығына.

Бірігіп ел болайық егеменді,  
Бағынып Нұрсұлтанның жарлығына.

Адамға ата -мекен-алтын бесік,  
Мінекей араластық-ашылды есік.  
Құдайдың мұнысына мыңда шүкір.  
Өткіздік талай өмір бастан көшіп.

Кірісхан НОҒАЙҰЛЫ.

## **ЖЫР-ТІЛЕК**

Жетпіс төрт жыл әкімдерге жем болдық.  
Көп елдерден бай болсақ та, кем болдық.  
Тек біз ғана "ұлымыз"деп лепірген,  
Халықтармен жаңа ғаңа тең болдық  
Бірақ бізге керек нақты еркіндік,  
Тәуелсіздік, жақсы тұрмыс мың жылдық.  
Сондықтан да сайлаушылар атынан,  
Президентке біраз тілек білдірдік.  
Ел сенімін іс жүзінде ақтай біл,  
Бірлік, достық дәстүрлерін сақтай біл.  
Бұрынғыдай зор құрметке бөленіп,  
Бұрынғыдай жақсылықты жақтай біл.  
Еңсе басқан жоқшылдықтың жолын жап,  
Тоқшылдықтың таусылмайтын қорын тап.  
Білімің мен тәжірибенді қолданып,  
Дағдарыстың тамырына балта шап.  
Ажарлансын жүдеу жүзі халқымның  
Тұмшаламай көңілдерді қайғы-мұң.  
Жайнаң қағып егеменді елім де,  
Жасай бергей Нұрсұлтандай Ерім де.

## **МЕНМЕНСІГЕН "МЫРЗАҒА"**

Солженицын! Мен де сендей адаммын,  
Бірақ та мен әрқашан да адалмын  
Атағыңа дақ түсірдің кетпестей,  
Сөзін сөйлеп барып тұрған наданның  
Малға теңеп, қазақ атты халқымды,  
Жоғалттың сен жазушылық даңқыңды  
Іріткі салып, ұлтаралық достыққа,  
Бастадың ба тағы "ескі" салтыңды?!

Қазақстан -қазақ жері-мекенім;  
Әлем біледі мұның шындық екенін.  
Сондықтан да сен шығарған өсекті,  
Арандату деп әшкере етемін .

Менің халқым -ғасырлардың куәсі,  
Менің жерім -ата-баба мұрасы.  
Олай болса, ұғып қой сен, халқымның,  
Бұздырмаймыз туған алтын ұясын.

## **МАҚТАНЫШЫ ХАЛҚЫМНЫҢ**

Халқымның жалынды жас данышпаны,  
Әлемге нұрын төккен алтын таңы.  
Жарқ етіп жоқ болдың-ау, әттең шіркін,  
Секілді аққан жұлдыз аспандағы!

Шоқаным-мақтанышым, өз елдесім,  
Тірісің жүректерде, өмірдесің.  
Өзіңмен кездескендей болдым кеше,  
Көргенде қылышыңның бүлдіргесін.

Омбының музейінде бұл бүлдірге,  
Тұр ұқсап жалын шашып шыққан күнге.  
Көршілес бауырластар сол мұраны,  
Қадірлеп, теңейді екен тірі гүлге.

Сен едің шексіз сүйген орыс халқын,  
Сен едің бағалаған достың салтын.  
Тілеулес сол халықтың қолдауымен,  
Ғұлама ғалым болып шықты даңқың.

Көзі ашық, дарынды едің бала жастан,  
Зерделі зерттеуші едің ақылы асқан.  
Шығыс пен Орта Азия тарихының,  
Сен едің көп сырларын тұңғыш ашқан.

Мақсатыңды орындап ұрпақтарың,  
Бақыттың жер бетіне жақты шамын.  
Шоқаным, терең ойлар жүзеге асты,  
Сенің де ақ ниетті армандарың.

## **ШОҚАН МУЗЕЙІНДЕ**

Бұл өмірге кім келіп, кім кетпейді?  
Тағдыр құрған сындардан кім өтпейді.  
Қазы болып адамзат әрқашанда,  
Таңдаулы ұл-қыздарын құрметтейді.

Бөленген зор құрметтің бесігіне,  
Ел қанық Шоқан бабам есіміне.  
Мен тұрмын алдыға иіп ақ басымды,  
Өзіңнің музейіңнің есігінде.

Шоқаным сен екенсің сөнбес шырақ,  
Сол шырақ аспанымда тұр жарқырап.  
Аз жасап, өмірдің көп сырын шешкен.  
Япырмай неткен өнер, неткен талап.

Па шіркін, өлмесе ғой жақсы адамдар,  
Әлемге аты әйгілі Данышпандар.  
Жүрсе ғой тым болмаса келіп-кетіп,  
Шоқан мен Ақан сері, Біржан салдар.

# ШАТТАНБАЙЫН ҚАЛАЙША

Мереке құтты болсын батыр халқым,

Күн санап арта берсін ізгі даңқың.

Ұлы той - жетпіс жылдық қарсаңында,

Бетбұрыс қайта құру алсын қарқын.

Қызылту - құнары мол дархан далам,

Қызылту - тың игерген ірі қалам.

Жырына арқау өтіп отыр сені,

Алпысты алқымдаған ақбас балаң.

Қызылту - үш төңіздің ортасында,

Өскелең - тамыры көп қолқасында.

Қызылту - ең көлемді астықты аудан,

Арқаның Көкшетаудай ордасында.

Ремзавод, Элеватор, Мәдениет

сарайы, ауданыма берген сәулет.

Көрікті теледидар мұнарасы,

Әрине, бұл ғана емес біткен дәулет.

Теңіздей егін толқып өн далама,

Мал толды құнары мол сай-салама.

Торқалы той үстінде бұл байлықты,

Ақыны мақтан етпей тұра ала ма.

Стецюк, Хабло деген батырларым,

Сыкілді тың төсінде жанған жалын.

Қажымай еңбек ету арқасында,

Атанған "жер докторы" диқандарым.

Ерекше қой күтудің сырын тапқан,

Ғибадат - Еңбек Ері көптен асқан.

Жүз жиырма - жүз саулықтан қозы алғанын,

Мадақтап отыр бүгін Қазақстан.

Әлемге аты әйгілі Есілбайым,

Білетін жер тамырын - егін жәйін.

Үлгі алған одан Айтжан қарындасым,

Озаттар қатарында жыл-жыл сайын.

Жастардың жақсы -ау алға басқандары,

Дамуға үлестерін қосқандары.

Бірақта өкініш - ақ көйбірінің,

Еңбексіз арзан бақыт тосқандары.

Отанға сапасы мол өнім беріп,

Ерлерім еңбек етсін жігерленіп.

Қарыштап алға бассын республикам,

Сырларын қайта құру тез меңгеріп.

Кең қолдау алсын елде әйгілілік,

Нығайсын халықаралық достық, бірлік.

Бетбұрыс саясатын іске асырып,

Көрсетсін әр азамат еңбекте ерлік.

## **КОСМОС ТӨРІНДЕ**

Арқалап адамзаттың ауыр жупн,  
Космосқа бірінші боп ұшты ұлым.  
Қай елде, қай ғасырда, қандай халық,  
Аспанның бізден бұрын құшты гүлін?  
Зулады жұлдыздармен араласып,  
Космостың төріне де қадам басып.  
Алғашқы пионері болып қайтты,  
Көгілдір көк пердесін тұңғыш ашып.  
Орындап партиямның аманатын,  
Көтерді көк аспанға адам атын.  
Бар қауым алғыс айтып, қадір тұтты,  
Советтің қарапайым азаматын.  
Космостың көңістігін болашақта,  
Жұмсаймыз игілікке, зор бақытқа.  
Жетеміз коммунизм дәуіріне,  
Шығамыз жұлдыздарға саяхатқа.

## **ЕЙ ЖҰЛДЫЗДАР, ЫҒЫСЫҢДАР !**

Бүгін таңда Байқоңырдан  
Ұшты Адам космосқа.  
Көк мұхитқа ССРО дан,  
Салдық бүгін жол - нұсқа.  
Ей жұлдыздар, ығысыңдар,  
Гагарин жүр жорықта.  
Ғарышкер мен сырласыңдар,  
Теңдесі жоқ тарихта.  
Ол - космостың пионері,  
Еңбекші адам баласы.  
Совет елі - туған жері,  
Компартия - анасы.  
Осы хабар Жер мен Көкті,  
Кетті шарлап - зымырап.  
Күн күлімдеп тәжім етті,  
Ай сүйсінді жымыңдап.  
Тап сол күні туған ұлдар,  
Юра болып атанды.  
Қуаныштан туған жырлар,  
Мақтан етті Отанды.  
Гагарин деп Ай қалқыды,  
Гагарин деп Күн туды.  
Гагарин деп ән шалқыды,  
Гагарин деп күй туды.



# ҚАЗАҚСТАН ЖҰЛДЫЗЫ

Кеше қазақ халқының тұңғыш перзенті,  
ұшқыш-космонавт Тоқтар Әубәкіров ғарышқа  
самғады.

Бабаларым көк аспанға табынып,  
Жарылғай гөр тәңірім деп жалынып.  
Жұлдыздарға жол салуды армандап  
Өткен екен тағы күшке бағынып.

Тұңғыш рет ғарыштың көк пердесін,  
Ашты Юрий Гагариндей елдесім.  
Ірі үлес қосқан Ұлы Жеңіске,  
Байқоңырым, шамшырағың сөнбесін.

Юрий салған жолмен ұшып ғарышқа,  
Космонавтар шықты өзара жарысқа.  
Ашты талай табиғаттың сырларын,  
Жетті талай табыстардан табысқа.

Осылардың арасында бір қазақ,  
Болмағаны тиіп еді-ау намысқа.  
Игіліктің ерте-кеші жоқ, бірақ,  
Тоқтар інім ұшты бүгін космосқа.

Тоқтарымды біледі енді жер жүзі,  
Тоқтарымды сүйеді әр ұл-қызы.  
Тоқтар тұңғыш космонавты қазақтың,  
Тоқтар батыр- Қазақстан Жұлдызы

## ӨМІР ТОЛҚЫНЫ

Адам қонақ фаниде бір-біріне,  
Мән бермейді ол оған өмірінде.  
Жоққа бола ұрысып, таласады,  
Ұнамаса кейбір іс көңіліне.

Ұмытпайық, уа халқым, ажал барын,  
Аяусыз-ақ алатын адам жанын.  
Айырылмайық ендеше адамдықтан,  
Жат қылықпен бұзбайық өмір сәнін.

Неге азайып барады әділеттік,  
Адалдық, адамшылық, ақ ниеттік.  
Ақшаға ар-намысты айырбастап,  
Неге біз бұрынғыдан кейін кеттік.


Өмірдің ілесе алмай қарқынына  
Тап болдық құйындатқан толқынына.  
Япырмай, табиғаттың қатал заңы,  
Алғандай көрінеді алқымыңнан.

Біреу күліп жатқанда, біреу жылар,  
Біреу тұрып жатқанда, біреу құлар.  
Өмір заңы осындай - ащы-тұщы,  
Жақының да көй кезде жау боп шығар.  
Шындықты айтсаң сын қылып күші барға,  
Көп көшікпөй түсесің терең жарға.  
Қылмыстарын көрсен де көрмеген боп,  
Жүре берсең жағарсың жақсыларға.

Басшылыққа дарынмен келгендер бар,  
Соңына жақсылардың ергендер бар.  
Қолдайтын жақсы істерін жан таба алмай,  
Душар боп демеушіге жүргендер бар.  
Басшыдан мін іздейміз ертелі-кеш,  
Тапсақ оны табанда боламыз өш.  
Көре алмаймыз біз оның ізгі істерін,  
Ұрпақтарым осындай қылықтан без.

Жастар кетті жайылып басшысы жоқ,  
Еңбексіз дүние табу кәсібі боп.  
Бықсып жанса өмірде жуастары,  
Пысықтары болып жүр жалынды шоқ.  
Көдімгі кәсіп болды алып-сату,  
Адамды қорлау, зорлау, тонау, ату.  
Болса екен бар халықтың бір мақсаты,  
Сұмдықты бұл секілді тез тоқтату.

Мен адаммын осыны армандаған,  
Болашақ не болад деп алаңдаған.  
Оқушым төзімді бол қиындыққа,  
Бір Алла берік пана болсын саған.



## **ЖАСТАРҒА ӨСИЕТ**

Қандай жақсы жастың алға басқаны,  
Еңбегімен байлыққа үлес қосқаны.  
Шешілмеген өмірдің көп сырларын,  
Өнерімен, білімімен ашқаны.

Сол таусылмас қазынананы халқына,  
Қандай жақсы шашу қылып шашқаны.  
Жиіркенішті-ақ, бірақ кейбір жастардың,  
Терін төкпей арзан бақыт тосқаны.

Халқын алдап, алып-сатар әдіспен,  
Коммерсант боп, байып асып-тасқаны.  
Төпсе темір үзетін жас ұрпаққа,  
Жараспайды қиындықтан қашқаны.

Қандай жақсы еңбек етсек ерінбей,  
Дос сүйініп, күйінгендей душпаны.  
Бір кеңесім, ел қорғаудан бас тартпа,  
Ашық болсын десең елдің аспаны.  
Өз қолыңда, болашағы Отанның,  
Ойлан, толған, қазағымның жастары.

## **АУДАНЫМНЫҢ АЙНАСЫ**

Жаршысы боп ауданымның, Отанның,  
"Қызыл туым" "Ел тынысы" атандың.  
Штаттан тыс тілшің болып 30 жыл,  
Өзіңді "өз газетім" деп мақтандым.

Қыран құсым берік болсын қанатың,  
Қырағы бол ойды-қырды шалатын.  
Ауданымның газеті бол сүйікті,  
Оқығанда сұсынымыз қанатын.

Шаруашылық жағдайларын талдай біл,  
Озаттарды әрқашанда қолдай біл.  
Ел бірлігін бұзатындар кездесе,  
Әшкөрелеп шанышқылы сөзбен ұр.

Бұрынғыдай асулардан аса бер,  
Тәжірибеңе тәжірибе қоса бер.  
Қыспақтан тез шығу жолын бағдарлап,  
Табыстардың терең сырын аша бер.

Ащы-тұщы дәмін татып өмірдің,  
Алпыс бестің адырынан көріндің.  
Құтты болсын торқалы той-мереке,  
Тұнжырауын тарқататын көңілдің,  
Ауданымның айнасы сен өзіңсің.

## **МЕН ҚАЗАҚПЫН!**

Мен қазақпын, әр қашанда адалмын,  
Ала жібін аттамаймын адамның.  
Меймандоспын, кең пейілді жомартпын,  
Өзіндеймін байтақ дархан даламның.

Мен қазақпын, дәмін татқан аштықтың.  
Талай-талай зарын тартқан қастықтың.  
Не көрмедім, көрдім тіпті жандарды,  
Жау боп шыққан шартын бұзып достықтың.

Бабаларым бостандық боп арманы,  
Өмірлерін өз халқына арнады.  
Заңсыздықтың құрбаны боп талайы,  
Армандарын іске асыра алмады.

Жазықсыздан жазалаған жандарды,  
Сұм жендеттер айуандықпен қорлады.  
Тым болмаса бас иетін, бет сипап,  
Жер бетінде топырағы да қалмады.


Көрдім талай көкелерін қорлықтың,  
Діннен бездім әсерінен зорлықтың.  
Тілден безіп, шоқынуға жақындап,  
Қалғанымды шынымды айтсам, жаңа ұқтым  
Әділеттік, шын бостандық дегеннің,  
Білмеппін ғой іске аспаған себебін.  
Енді ғана дербестікке бет бұрып,  
Көзімді ашып ерікті ел боп келемін.

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ**

Қазақ тілі-ана тілім ардақты,  
Әрбір сөзі қорғасыннан салмақты.  
Жастарымыз "аға тілін" пір тұтып,  
Ана тілін үйрене де алмапты.

"Ана тілім-ұлы орыс тілі,"-деп,  
Кейбіреулер туған ұлтын қорлапты.  
"Ана тілің-қазақ тілі, қалқам"-деп  
Ақыл айтар ақсақалдар болмапты.

Дақ түсіріп ұлттық ар мен намысқа,  
Ана тілін білмеуіміз дұрыс па?  
Қазақша оқып, нақты қазақ болайық!  
Өмір бойы тұрмыс құрмай "орысша".



## **ЖЕҢІСКЕ БАСТАП КЕЛЕДІ**

Ерікті еңбек майданында шыңдалған,  
Тар жол, тайғақ кешулерде сыналған  
Компартиям-ар-намысым, өмірім  
Ұлы Ленин ілімімен нұрланған.

Сен данасың ғасырларды болжайтын,  
Мен ұлықмын Ленин жолын қолдайтын.  
Коммунизм құрылысында қол жеткен,  
Жеңістердің жемісіне тоймайтын.

Ленин салған сара жолдан таймайтын,  
Ұрпақтардың болашағын ойлайтын,  
Отанымның көсемі сен -Партия,  
Өз халқына бар өмірін арнайтын.

Бөгет болып соғыс өрті жолына,  
Үлс қосқан бейбітшілік қорына.  
Компартиям-кемеңгерім, қолбасшым,  
Берік болсын Жеңіс туы қолыңда.

## **АҚ БАСЫМДЫ ИЕМІН**

40 жыл толды қырғын соғыс біткелі,  
Жауды жеңіп біз Жеңіске жеткелі.  
40 жыл толды сол соғыстан қайтпаған,  
Үлкен ұлың менің анам күткелі.

Көкірегін соғыс өрті шалса да,  
Жүрегіне сол өрт жара салса да.  
Жасымады-жаманатқа сенбеді,  
Қан майданнан "қара қағаз" алса да.

Жақындату мақсатымен жеңісті,  
Алғы шепте еңбек өтті жемісті.  
Қиындыққа қарсы қойып қайратын,  
Майдандағы батырлармен тең түсті.

Міне, осындай әрбір ана-батыр жан,  
Әрбір ана бақыт үшін атқан таң.  
Аналарға балалардың атынан,  
Орнатса ғой бір монумент алтыннан.

О, аналар! Мен сендерді сүйемін,  
Енді соғыс болмаса екен тілегім .  
Өздеріңді құдіретті күш санап,  
Ақ басымды алдарыңда иемін.



## СОҒЫС

Соғыс деген қайғы-қасірет, мұңды зар.

"Қара қағаз"-жетім бала, жесір жар.

Жоқтау айтып, жер құшақтап жылаған,

Шашын жайып, бетін жыртқан аналар.

Жойқын апат-жалмауыз күш, тасқын сөл.

Соғыс деген жараланған қара жер,

Күлге айналған қалалар мен ауылдар,

Кен байлықтар, шахталар мен алтын кен.

Сол соғысты бастарынан кешірген,

Батырлықпен жаудың үнін өшірген.

Бабаларға Кеңес халқы дән риза,

Ұрпақтарын өлсүйгіш қып өсірген.

Жарты ғасыр басталғалы сол соғыс,

Басталғалы теңдесі жоқ қан төгіс.

Қалдық елде бала-шаға, кемпір-шал,

Аттанғанда жауға жастар теп-тегіс.

Селдіреді-ау қатарларың қарттарың,

Қайда шіркін от боп жанған шақтарың.

Қартайғанда қайғы-қасірет көрмеңдер,

Баянды боп басқа біткен бақтарың.

Уақыт көші жылжиды алға тоқтамай,

Жылжиды алға жауыздықты жақтамай.

Қан майданда қаза тапқан ерлерін,

Тұра алмайды уақыт еске сақтамай.

Ерлік даңқы жер бетінде өшпейді,

Мәңгі жасап дүниеден көшпейді,

Отан үшін өлгендерді ұмытсақ,

Тарих бізге ешқашанда кешпейді.

## ҚАРСЫ ШЫҚПА ХАЛҚЫҢА

Адал болып әскерлік өз антыңа,

Дақ түсірме әлемге айғақ даңқыңа.

Ұлтаралық қоздыруға елігіп,

Ешқашан да қарсы шықпа халқыңа.

Ел күзеттің-кірпігіңді қақпадың,

Ана сүтін айқастарда ақтадың.

Жетпіс төрт жыл Отаныңды ерлікпен,

Жауларыңның езгісінен сақтадың.

Сақшыларым бұзылмасын саптарың,

Баянды боп өсе берсін бақтарың.

Бейбіт сүйгіш егеменді елімде,

Соғыс көрмей өтсін жастық шақтарың.

## **СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІ**

### **ИМАГАНБЕТОВ АНУАР**

Бір фашисті жеке жерде кездескен,  
"Обал ғой" деп өлтірмепті жездекем.  
"Жауға емес - көкке аттым мылтықты",-  
Депті біздің адамсүйгіш Әнекең.  
Әрине бұл ойын сөзім білгенге,  
Не жетеді тірлікте ойнап - күлгенге.  
Қайғы тартпай көп жыл жүре беріңіз,  
Тәуба қылып аман елге келгенге

### **ШАМАБАРАКОВ МАУЛИ**

Он сегізде - жалын атқан шағында,  
Қарсы шапты жаудың атқан оғына.  
Ойран салды ордасында Гитлердің,  
Аты шулы рейхстагтың маңында.  
Бітті соғыс - көшті еңбекке бұл кісі,  
Болды Мәуең екпінді еңбек үлгісі.  
Төсіндегі Октябрьдің ордені,  
Еңбектегі ерлігінің белісі.

### **ШАХУОВ ХАНАФИЯ**

Бір кездегі жас жауынгер Қонағаң,  
Соғыс жолын Москвадан бастаған.  
Жауды қуып, жан аямай соғысып,  
Жеңіс тойын Эльбаға кеп жасаған.  
Ортасында сұрапыл қан төгістің,  
Көппен бірге зарын тартты соғыстың.  
Бұл күндері қарт Қонағаң есен - сау,  
Жүріп жатыр жемісін жеп жеңістің.

### **КОПЕНОВ БОТАЙ**

Таң алдында оқ жауғанда аспаннан,  
Көрді Бөкең аэродромды өрт шалған.  
Дереву көкке көтерілді сол сәтте,  
Самолеттер бомбалаудан сау қалған.  
Көк жүзінде кетті шайқас басталып,  
Сол шайқаста Бөкең жүрді жар салып.  
Жараланып келді еліне Бөтөкең,  
Азаматтық борышты адал атқарып.

### **АБДРАХМАНОВ ЖАҚИЯ**

Біздің Жақаң бастап жүріп жасақты,

Тұтқындалып көріпті көп азапты.

Немістің бір офицері айтыпты:

"Көрмедім,-деп-мұндай қайсар қазақты".

Көппен бірге жаудан қорғап Отанды,

"Соғыстың қарт ардагері" атанды.

Бұл аймақта білмейтін жан жоқ шығар,

Бидайықтың бас молласын - Жақаңды.

### **СУЛЕЙМЕНОВ РАМАЗАН**

Бір кездегі сылқым жігіт Рекең,

Дейді бүгін "80 деген жас па екен".

90 дағы Рекеңнің сұрағы:

"Бұл жалғанда қарттыққа дау бар ма екен?"

### **САНДЫБАЕВ НӘСІЛ**

Нәсекең жігіт еді желкілдеген,

Шал болды 80-ге кеп селкілдеген.

Қарттықтың айғағындай ақ сақалы,

Кеменің желкеніндей желпілдеген.

Қапыда қалып жаудың қоршауында,

Жасырын соққы берді қас жауына.

Ажалмен жиі-жиі кездессе де,

Алланың кез болыпты сақтауына.


### **ЖАПАРОВ МАҒАУ**

Үш саусақты қан майданда қалдырған,

Мұрынды да пластмассадан салдырған.

Қан майданда жан аямай соғысып,

Елге келіп қырық жыл еңбек еткен жан.





## **ӘКЕ АМАНАТЫ**

Асқынуда жүрегімнің жарасы,  
Сен аман бол, өмірімнің жалғасы.  
Аманатым бар өзіңе айтатын,  
Зейн салып соны тыңдап қарашы.

Мына шинель, балам, саған аманат,  
Мақтаныш ет, күтіп ұста -көрме жат.  
Ұрпағыма сенемін мен сезімтал  
Аманатқа жасамас деп қиянат.

Отқа күйіп, суға батып өзіммен.  
Азаптарды бұл да жеңді төзіммен.  
Сондықтан да соғыста өткен күндерді,  
Еске аламын ерекше бір сезіммен.

Төсек болған жатқанда жамбасыма,  
Жастық болған жорықтарда басыма.  
Жан-тәнімді жылытатын пеш болған,  
Қардан қалап салған қысқы қосыма.

Жауырынын екі жерден оқ тескен,  
Көне шинель қарт ажалмен тілдескен.  
Сұр шинельді солдат-сенің әкең де,  
Секунд сайын сол ажалмен кездескен.

Майдандарда жүргенде осы шинельмен,  
Талай өліп, талай рет тірілгем.  
Арманым жоқ, жеттім Жеңіс күніне,  
Бір тілегім мен көргенді көрме сен.

Бақтарыңа енді соғыс болмасын,  
Ешқашанда өмір гүлі солмасын.  
Бауырластық, достық, бірлік нығайып,  
Бейбітшілік жер бетіне орнасын.

## **БОЛСЫН ҰЗАҚ ҒҰМЫРЫҢ**

Құтты болсын той - мереке халайық,  
Мерекеде өткенді еске алайық.  
Бірақ та біз жырлай бермей жоқтықты,  
Болашаққа шын сеніммен қарайық.

Республикам берік болсын босаған,  
Ғұмырыңды ұзақ етсін жасаған.  
Күрестерде мың өліп, мың тіріліп,  
Арманыңа жеттің халқым аңсаған.

Өткен үш жыл болса дағы жас шағың,  
Белім бекін, алға баса бастадым.  
Бейбітшіл ел атандың сен әлемге,  
Әрқашанда ашық болсын аспаның.

## **ЖАРҚЫРАЙДЫ БИІКТЕ**

Дана Ленин -уақыттан озған адам,

Тап күресі тарихын жазған адам.

Болашақ ұрпақтардың бақыты үшін

Қамалын көне өмірдің бұзған адам.

Ленин ол мәңгі бақи сөнбес шырақ,

Ғасырдың биігінде тұр жарқырап.

Ақылы-теңдесі жоқ терең мұхит,

Білімі-сарқылмайтын мөлдір бұлақ.

Ол-көсем, күрес ісін қолына алған,

Ол-ғалым, коммунизм жолын салған.

Ол -дана, адамзаттың жүрегімен

Халықтар тарихынан орын алған.

Жасасын ұлы Ленин ұрпақтары,

Жайнасын коммунизм шырақтары.

Жасасын Компартия заманымның,

Беделі, мақтанышы, намыс ары.

## **КАҺАРМАН СОВЕТ ХАЛҚЫ**

Қанды бұлт бір кездерде елді басты,

Оқ жауып өртке айналды аспан асты.

Белдесіп өмірменен өлім күші,

Әлемге фашизмнің сырын ашты.

Тынымсыз бір мың төрт жүз он сегіз күн,

Айқаспен өтті бастан соншама түн.

Қан төктік, азап шектік-жасымадық,

Ақтадық қасиетті ана сүтін.

Әр солдат өз жүрегін бомба кылып,

Жол ашты бостандыққа жауды қырып.

«Жоспары Барбаростың бар болсын»-деп,

Жау қашты жан сауғалап иттей ұлып.

Отыз бес көктем келді содан бері,

Айналды бау-бақшаға совет жері.

Өйткені бейбітшілік күзетінде,

Каһарман совет халқы-ердін ері.

Біз шықтық жеңімпаз боп бұл соғыстан,

Мерт болды Айға шауып Гитлер-мыстан.

Батысқа бейбіт өмір біз орнаттық,

Нұр шашып жер бетіне күн шығыстан.

09.05.80ж.

## **ЛЕНИНГРАД АУДАНЫНЫҢ АҚЫНЫМЕН АЙТЫСТАН ҮЗІНДІ**

Жуырда ауданыңа жолдау алып,  
Еліңді мақтан еткен көрдім барып.  
Көшеңнен көң-қорыстан журе алмадым,  
Не себеп кетуіне сонша арып.

Барып ем ауылыңа сені сұрап,  
Алдымнан қарсы шықты қой маңырап.  
Тіл бітіп қотыр қойың сөз сөйледі,  
Мөлііп екі көзі жыламсырап.

Сөкпеңіз жүргенімді сарнап-зарлап,  
Көзімнен қан аралас жасым барлап.  
Қыс болса қатып-сеніп қарда жатам,  
Салынған қора да жөк маған арнап.

Қышыма қотыр болдым тумай жатып,  
Жүнімді жұлып алды-ау жумай жатып.  
Біраз күн жеке жемдеп, аздап емдеп,  
Жіберді-ау бір литрге мені сатып.

Кім көрген қарны ашканды астық барда,  
Бар жемді дұрыс берсе аштық барма.  
Саны көп, сапасы жоқ тулек болдық,  
Осыны айтшы біздің бастықтарға.

Біліп қой бетке шіркеу қой болғанын,  
Жеңем деу орындалмас ой болғанын.  
Есіңнен еш уақытта кете қоймас,  
Асығың аунап тускен той болғанын.


Бау-бақша тым аз екен еліңізде,  
Астықтан арам шөп көп жеріңізде.

Әдісін жер күтудің үйреніңіз,  
Қызылту ауданыма келіңіз де.

Ақ сөйле ақын болсаң мәңгі жасар,  
Өнерің болса көрсет менен асар.  
Сын сөздің қақпанына бір түсірсем,  
Айналма қойларыңдай құтың қашар.

Мақтанба Кинлятым малым көп деп,  
Сапасын ұмытқан соң санын көптеп.  
Сандары қалақтай боп қалт-құлт еткен,  
Кузбасстың малдарын күт дұрыс жемдеп.

07.1976ж.



# АБАЙ - ПОЭЗИЯ ПАЙҒАМБАРЫ

Атасы ақындардың Абай бабам,  
Елімнің мақтанышы - үздік данам.  
Халқымның жүрегінде бұл күндері,  
150 жылдық тойың жақындаған.

Тойыңа жырдан шашу шашпақ болып,  
Қолыма қанаттанып алдым қалам.  
Пір тұтып поэзия пайғамбарын,  
Сөйлейін көсіліп бір келсе шамам.

Қанатты сөз зергері Ұлы Абай,  
Даңқыңа өбден қанық бүкіл ғалам.  
Тарихта мәңгі қалған асыл тұлға,  
Тірісің жүректерде миллиондаған.

Ой салып жан -тәнімді тебіrentкөн,  
Әр сөзің алтыннан да қымбат маған.  
Ұлыңмын өртелі - кеш қартайғанша,  
Өзіңнен үлгі алуға жалықпаған.

Әлбетте ізгілікті істерімен,  
Әлемге әйгі болған әрбір қоғам.  
Шіркін-ай көп болмас еді сом алтыннан,  
Орнатса бір ескерткіш арнап саған.

Сен едің қазағыңа бақыт тілеп,  
Тәуелсіз ел болуын армандаған.  
Тілегің қабыл болып осы күні,  
Ел болдық егеменді теңдік алған.

Халқымның қамқоршысы, қайраткері,  
Атақты Абай шешен топты жарған.  
Тарихшы, композитор, аудармашы,  
Философ, ағартушы жалындаған.

Осынша мол құдірет бір кісінің,  
Басына бақыт болып қалай қонған.  
Оқушым, іздеп көрші бұл сұрақтың,  
Жауабын жұртшылыққа жұмбақ болған.

Атақты Әбу Рейхан, әл Бируни,  
Ғұлама Әбу-Насыр әл Фараби,  
Плутон, Сократ, Гомер, Аристотель,  
Исхақ, әл Отрари, Фирдоуси.

Батыс пен Шығыстың бұл ғалымдары,  
Дарынды Абайымның ұстаздары.  
Қаншама оқыса да, әттеген-ай!  
Арманда кетті-ау, бабам атпай таңы.

Абайым! Сен ғалымсың сөзің өлмес,  
Жұлдызсың аспандағы мәңгі сөнбес.  
Ғасырдың жиырмасыншы ақырында,  
Ақынды таба алмадым саған теңдес.

## **ОТЫЗ БЕС КӨКТЕМ КЕЛДІ СОДАН БЕРІ**

Қанды бұлт бір кездерде елді басты,  
Оқ жауып өртке айналды аспан асты.  
Белдесіп өлім менен өмір күші,  
Әлемге әділдіктің сырын ашты.

Тынымсыз бір мың төрт жүз он сегіз күн,  
Айқаспен өтті бастан соншама түн.  
Қан төктік, азап шектік жасымадық,  
Ақтадық қасиетті ана сүтін.

Әр солдат өз жүрегін бомба қылып,  
Жол ашты бостандыққа-жауды қырып,  
"Жоспары Барбаростың бар болсын" -деп,  
Жау қашты жан сауғалап, иттей ұлып.

Отыз бес көктем келді содан бері,  
Айналды бау-бақшаға совет жері.  
Өйткені бейбітшілік күзетінде,  
Қаһарман совет халқы -ердің ері.

Біз шықтық жеңімпаз боп бұл соғыстан,  
Мерт болды Айға шауып Гитлер мыстан.  
Батысқа бейбіт өмір біз орнаттық.  
Нұр шашып жер бетіне күн шығыстан.


## **ЖЕҢІС КҮНІ**

Құтты болсын Жеңіс күні, бабалар!  
Отандастар, қасірет тартқан аналар.  
Баянды боп бейбітшілік әлемде,  
Соғыс көрмей өссе екен балалар.

Жеңдік жауды ақылмен де күшпен де,  
Теңдесі жоқ тылдағы ерлік іспен де.  
Жанарыма жас келеді еріксіз,  
Есіме сол отты күндер түскенде.

Фашизмнен Ұлы Отанды сақтаған,  
Жауды жеңіп ана сүтін ақтаған.  
Бабаларға басын исін жас ұрпақ.  
Мен ғана емес бүкіл халық мақтаған.

Армысыздар, ардагерлер-қарттарым,  
Өртте өткізген барлық жастық шақтарын.  
Өтер өмір-өшпес оның жалғасы,  
Жүректерде мәңгі қалар аттарың.



## **ҰСТАЗЫМ ЖҮНІСБЕК ЖАНГУНАКОВ СМАИЛ ҰЛЫНА 100 ЖЫЛ**

Арқалап ғасыр жүгін алға басқан,  
Жүнісбек жұлдыз еді нұрын шашқан.

Халкының білімі мен өнерінің,

Өркендеп өсуіне үлес қосқан

Жатқанмен жер астында тән тұлғасы

Жасауда жүректерде жан тұлғасы.

Мыңдаған жас ұрпаққа жолдау берген,

Жүнісбек-бір кездегі ел ағасы.

Тіліне тиек қылып өмір сырын,

Ұстаздық қылды көп жыл таппай тыным.

Әлемдік әдебиет тарихынан,

Казпедте Жүкен-ұстаз берді білім.

Ол бізге секілді еді биік аспан,

Ол терең дария еді толқып тасқан.

Жүкеңдей ұстаздардың ұстазының,

Өмірі жырға қоссам жеке дастан.

Ұстазым !100 жылдығың құтты болсын,

Қабірің қасиетті нұрға толсын

Сен берген тәрбие мен терең білім,

Ұрпаққа үлгі болып бақ боп қонсын.

Мағжан Жұмабаев, Нұрлы, Қошке,

Өмірзақ , Жүкеңді айтсам түседі еске.

Аяққа ұлт намысын баспай өткен,

Ерлерге бас иейік осы кеште.

## **ЕРКІН НУРЖАН-ҰЛЫ АУЕЛБЕКОВТІ ЖОҚТАУ**

(30.01.1999ж қайтыс болды)

Кең даланы кетті шарлап жаманат

Бұл жаманат-жазылмайтын жарақат

Тағдыр жетіп бұл өмірден өтіпті

Елдің ұлы Еркін атты азамат.

55 жыл еңбек еткен халқына,

Әлем қанық оның жақсы даңқына.

Өлді Еркін, өлмес аты бірақта,

Өшпейтін із қалдырды ол артына.

Жатқан жерің жарық болсын, Ераға,

Топырағың мамық болсын, Ераға.

Жаннат болсын бақидағы тұрағың,

Мөйірімді болсын саған Жер-Ана.

## ӨТКЕН ӨМІРДІ ҚЫСҚАША ТАЛДАУ

Жетпіс деген жар тастың,

Біршетіне жетіппін.

Өмір құрған сындардың,

Талайынан өтіппін

Жастық өтіп, кәрілік,

Келетінін білмеппін.

"Нажағайдай жарқ етіп,

Өте шығар ғұмырың"-

Дегенге мән бермеппін.

"Қартайғанда барар үй,

Табу қиын",- дегенге

Ант ішсе де сенбеппін.

Енді міне қартайып,

Таяқ алдым қолыма.

Бір сүрініп, бір тұрып,

Қараймын оң мен солыма.

Кедір болып кеткен бе?

Жердің беті сорыма.

Әдейілеп ор қазып,

Қойған ба әлде жолыма?!

Бастан өткен өмірді,

Уақыт жетті талдайтын.

Қателіктер көп болды-ау,

Әттең орны толмайтын.

Ата-ананың, ағаның,

Ақылдарын алмайтын.

Іс істейтін кей кезде,

Көңілге тіпті қонбайтын.

Өтті-ау заман зымырап,

Сағым болып ойнайтын.

Қызығына жастықтың,

Күнде көрсе тоймайтын.

Қиял оймен кей кезде,

Ғарышқа да самғайтын.

Айта берсем өткенді,

Деректер көп толғайтын.

Уақыт болды бір кезде,

Дінге құлақ салмайтын.

Құдіретті бір күштің,

Барлығына нанбайтын.

Көзім жетті бұл күнде,

Барлығына Алланың.

Болмас енді арманым

Дін жолында өткізсем,

Өмірімнің қалғанын.  
Дінге сену - адалдық,  
Адамшылық, ізгілік.  
Оған сенбеу- жат қылық,  
Тозақы болу мәңгілік.

Олай болса, ағайын,  
Шын сенейік Аллаға.

Қиямет - қайым күнінде  
Жаннатқа тиер жолдама.

Жолдамаңыз тірлікте,  
Дайындаған иманың.  
Иманыңа жетпейді,  
Өмір бойы жиғаның.

Өлсе қалар артыңда,  
Қатын балаң, қазынаң.

Сараң болма- жомарт бол,  
Қайырымды бол жасыңнан.

Адам деген атыңды,  
Аяққа баспа - қор болма!  
Харамнан жиып байлықты,  
Тең құрбыңнан зор болма!

Қалың қауым бұл күнде,  
Бай, кедей боп бөлінді.

Өз қамдарын ойлайтын,  
Озбырлар алды төрінді.

Олар саған ашықсаң,  
Аузыңа су тамызбас.  
Мүсіркемес - аямас,  
Таныса да танымас.

"Егін егіп байы",-деп,  
Бөліп берді жеріңді.

"Ерік бердік бәріңе",-деп,  
Ыдыратты еліңді.

Салтанатты сәулетті,  
Кұрылыстарды қиратты.  
Электр шамын сөндіріп,  
"Соқыр теке" ойнатты.

Тас төселген көшелер,  
Жөнделмеді-бұзылды.

Телефонның сымдары,  
Ұрланды да үзілді.

Каналдармен қосылған,  
Құбырдан су ақпайды.  
Суға зәру халқымыз,  
Жаның қалай сақтайды?



Дүкен-сауда орыны,  
Аты бар да заты жоқ.  
Жоқтығына олардың,  
Саудагердің көңілі тоқ.

Жаңа салған моншаның,  
Қалды жалғыз каркасы.  
Күл-талқан боп бұзылды,  
Балалардың бақшасы.

Ерлігімен төсіне,  
Орден таққаң Бидайық.  
Тозды адам нанбастай,  
Болмаса да лайық.

Кім кінәлі осыған?  
Деген сауал туып тұр.  
Күйреуінен одақтың,  
Деген жауап жуық тұр.

Бір қортынды шығарар,  
Оқушылар сөзімнен.  
Көмек құттік әзірше,  
Бір Алланың өзінен.



## **ӘЛЕМГЕ ТАНЫТАЙЫҚ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫН.**

Уа халқым! Қутты болсын мерекеміз,  
Күн санап арта берсін берекеміз.

Отанның шайқалмасын шаңырағы,  
Әрқашан мықты болсын керегеміз.

Сайра тіл май келгенде-төгіл жырым,  
Шомылдыр ән мен күйге күннің нұрын.  
Ежелгі халықаралық достық күні,  
Шалқысын жер мен көкте шаттық үнім.

Май келді-ылғалы мол көктем келді,  
Шаруа адамына бұл жақсы ырым.  
Отанды қуантамыз мол астықпен,  
Ерінбей еңбек етсек-таппай тыным.

Атандық егеменді ел бүгін таңда,  
Бел байлап тәуекелге бастық алға.  
Нарықтың қыспағынан аман өткіз,  
Я, Алла! Күлкі қылма қас - дұшпанға.

Ынтымақ - берік болсын бұрынғыдай,  
Жүректер таза болсын мөлдір судай.  
Көп болып көтерейік елдің жүгін,  
Болайық ата-анадан бір туғандай.

Еңбекпен көтерейік елдің даңқын,  
Саралап жаңғыртайық ескі салтын.  
Өнер мен білімнің де саласында,  
Әлемге танытайық қазақ халқын.

## **ҚАЗДАР ҰШЫП БАРА ЖАТЫР ҚАҢҚЫЛДАП**

Қаздар ұшып бара жатыр қаңқылдап,  
Сағыныштың әнін салып саңқылдап.  
Қайда асығып барасыңдар дем алмай ?  
Көлге түсіп алсаңдаршы салқындап.

Аққу - қазым, Оңтүстікке барып қайт,  
Ол жаққа да бейбіт әнін салып қайт.  
Жер мен Көкте жетім деген болмасын,  
Ұрпағыңды тастап кетпе - алып қайт.

Сен келгенде көктем көлер гүлденіп,  
Табиғат та күлім қағар түрленіп.  
Ертелі-кеш мазалайды мені де,  
Құлағыма ерекше бір үн келіп.



## **СЕКІЛДІ АҚҚАН ЖҰЛДЫЗ ӨМІР ӨТЕР...**

Бисмилләһи деп бастайын сөздің басын,  
Жазбақ боп, Алла сөзін ойға алғасын.  
Құранды мұмин адам оқу парыз  
Осыны жамағатым есіне алсын.

Ораза айт намазы құтты болсын,  
Әр үйдің шаңырағына бақыт қонсын.  
Тілеген тілектерің қабыл болсын,  
От басы - ордаларың нұрға толсын.

Екі жол көрсетіпті Алла бізге,  
Таңдауды және беріп еркімізге.  
Бір жол бар жетелейтін жәннат жаққа,  
Тағы бір тозақ жолы - дінсіздерге.

Қаласаң бірнші жол - құрметті жол,  
Мәресі жәннат екен рахаты мол.  
Ол жерде бау мен бақша зүмрәттан,  
Шипалы, балдан тәтті бұлақ пен көл.

Алдымен шын жүректен Аллаға сен,  
Іздеме құдіретті Раббыңа тең.  
Бақыттың бөленерсің бесігіне,  
Орындап бұйырғанын адал жүрсең.

Жетім мен кемтарларға қамқоршы бол,  
Тасыма бақ- дәулетің болса да зор.  
Ажалдың құтылмассың құрығынан,  
Сондағы жатар жерің қараңғы көр.


Күнәһар болсаң тоқтал, тәубеңе кел,  
Түзеліп имандылар соңына ер.  
Іс істе ізгілікті, үлгілі бол,  
Әлпеште ата-анаңды барыңды бер.

Қорласаң ата-анаңды азғандығын,  
Қарғысқа Құдай атқан қалғандығың.  
Қиямет-қайым күні ісің бітіп,  
Тамұқтың тамыздығы болғандығың.

Біреуге жазықсыздан тіл тигізсең,  
Кәпірге діннен безген боларсың тең.  
Барғанда Алла алдына ондайлардың,  
Тілдері шығар дейді желкесінен.

Зор күнә неке бұзу, зинақорлық,  
Ақы жеу, кісі өлтіру, ұрлық, зорлық.  
Халқына қастық жасау, елін сату,  
Білсеңдер осылардың түбі қорлық.

Секілді аққан жұлдыз өмір өтер,  
Бір күні демің бітер, ажал жетер.  
Ей, Алла, күш-қуат бер бұл пендеңе,  
Қабірдің сауалдарын жеңілдетер.



Қиямет күні туар жиналатын,  
Алладан жақсылардың сый алатын.  
Күнәсі ауыр болып таразыда,  
Тамұққа баратындар қиналатын.  
Ол күні аспан балқып мыстай қайнар,  
Түтіліп тау мен тастар жүнге айналар.  
Теңеліп бай мен кедей, патша мен құл,  
Жүгініп Алла алдына зарлап барар.  
Сол күні кейбір жүздер жарқырайды,  
Дінсіздер, күнәһарлар зар жылайды.  
Азынап, қанды көбік бұрқ-бұрқ қайнап,  
Алыстан тозақ оты лапылдайды.  
Аяусыз жазаланар тозақылар,  
Жарақат денелерін жалын жалар.  
Жегені жиренішті желім болып,  
Ішкені қан аралас ірің болар.  
Бар дейді қыл көпірі - тайғанақ жол,  
Ол жерден өту қиын, азабы мол.  
Көпірдің бір жағы-от, бір жағы- су,  
Құласаң көмек таппай боларсың қор.  
Өлмессің, тірілмессің сол тозақта,  
Күйерсің дымың қалмай ыстық отта.  
Жанданар күйген тәнің қайта- қайта,  
Күй кешерсің мәнгі бақи қақта- соқта.  
Сенсеңдер Кәләм- Шәріф сөздеріне,  
Елестер жұмақ, тозақ көздеріңе.  
Фәниде иман серік өткендердің,  
Бақида сауап тиер өздеріне.  
Бір кезде дінге қарсы заман болды,  
Ораза, намаз, зекет тәмам болды.  
Алла деп көп алдында тіл қатқанға,  
Жайнаған жарық дүние қараң болды.  
Бұл күнде теңдік тиіп халқымызға,  
Оралдық ұлттық дәстүр, салтымызға.  
Ел болдық егеменді дінге сенген,  
Енді дақ түсірмейік даңқымызға.  
Жазушы бұл өлеңді Камон атым,  
Арғында қойлы Атығай арғы затым.  
Тәубеге келдім, түстім дін жолына,  
Ризамын қабыл болса ғибадатым.

ШАПАРАТ - НҰР. 10.2000 ж.

## **БЕЙБІТШІЛІК САҚТАЛСЫН**

Қараңғыда от боп жандық,  
Күрестерде шыңдалдық.  
Бейбітсүйгіш ел атандық,  
Ер халық боп саналдық.

Гитлершіл фашизмнің,  
Қабырғасын күйреттік.  
Қан сасыған қара туын,  
Тулақ қылып сүйреттік.

Адамзатқа ажал сепкен  
Партиясын құлаттық.  
Жеңіс туын оттан өткен  
Рейхстагқа орнаттық.

Жаудың құлдық езгісінен  
Европаны босаттық.  
Әділ Заңның шешімімен  
Алып бердік азаттық.

Рейган мырза, қапы қалма!  
Оқы тарих сабағын!  
Айға шауып апат болма!  
Тыңда халық талабын!

Ешқашанда жер бетіне  
Ажал оғы жаумасын.  
Ерке құстар көл бетінде,  
Еркін жүзсін, ойнасын.

Соғыс өрті сөндірілсін!  
Қарулану тоқталсын.  
Өлім күшін өмір жеңсін  
Бейбітшілік сақталсын.

## **ҚАРТТАР КҮНІ**

Қарттар күні құтты болсын қарттарым,  
Отта өткізген барлық жастық шақтарың.  
Бабаларың мақтап етер жас ұрпақ,  
Жүректерде мәңгі қалар аттарың.

Елім сәнді, төрім сәнді шал барда,  
Берекемен бірлік берік ол барда.  
Ақсақалдың ақ батасын алуға,  
Құмартпайтын жас жоқ шығар жалғанда.

Жасай берсін аталар мен аналар,  
Силай берсін бабаларың балалар.  
Қартайғанда қайғы қасірет көрмеңдер,  
Ардагерлер, ақылғөйлер-ағалар.

## ҚАРТТЫҚ

Толдым биыл алшаңдаған алпысқа,  
Шын бөленіп құрмет пен ақ алғысқа.  
Көбі өтіп, азы қалды өмірдің,  
Әттең шіркін, енді жүрер жол қысқа.

Отаныма қырық жыл қызымет етіппін,  
Дақ түсірмей азаматтық намысқа.  
Өмір құрған сындардан да өтіппін,  
Бірде ұтылып, бірде жетіп табысқа.

Көппен бірге қамын ойлап Отанның,  
Еңбөк еттім маңдай терді төгіп шын.  
Ол кездерде бөлсенді жас атансам,  
Бұл күндері ардагер шал атандым.

Қайда менің аспаны ашық күндерім,  
Қайда менің көп жұлдызды түндерім?  
Жазда жайнап, күзде солған сарғайып,  
Қайран менің қош иісті гүлдерім!

Қартайғанда, азайғанда амалың,  
Бабын табу қиын екен баланың.  
Ата-енесін көргенде кей келіндер,  
Неге ғана түйеді екен қабағын?

Пештің маңы болады екен орының,  
Әр тарапқа кетеді екен көңілің.  
Тұрады екен көз алдыңда елестеп,  
Бала кезден бастап өткен өмірің.

Бұлдыр тартса шам-шырағың - жанарың,  
Тегіс жерде тайғанаса табаның.  
Орыныңнан төрт тағандап тұрғаның,  
Белгілері әлсіреген шаманың.

Үздім үміт, қайтып келмес жастықтан,  
Енді маған нұрын төгіп атпас таң.  
Қартайғанда кәдірімнен айырылмай,  
Сақта, құдай, рухани қарттықтан.



## **КӘРІЛІК ДЕГЕН ЖАҚСЫ ЕКЕН**

Кәрілік деген жақсы екен,  
Түспесең жоқтық торына.  
Зейнетақың ай сайын,  
Тиіп тұрса қолыңа.

Кәрілік деген жақсы екен,  
Ұрпағың болса соңыңда.  
Қәдіріңді білетін,  
Балаң болса қолыңда.

Кәрілік деген жақсы екен,  
Бәйбішең болса отасқан.  
Жасасын қарттар жасасын,  
Әзілдері жарасқан.

Кәрілік деген жақсы екен,  
Қамқоршың болса қасыңда.  
Жастарға кеңес беретін  
Ақылың болса басыңда.

Олай болса ақылмен,  
Болайық үлгі жастарға.  
Із қалдырсақ өшпейтін,  
Одан артық іс бар ма?


Жүгінсік егер шындыққа,  
Енді жүрер жол қысқа.  
Аз ғана қалған өмірді,  
Өткізбейік құр босқа.

## **ӘРДАЙЫМ КӨҢІЛ ТӨРІНДЕ**

Сұм ажалмен арпалысқан адамдар,  
Сендер барда денсаулық бар-өмір бар.  
Тән жарасын, жан жарасын жазатын,  
Тәуіптерім, шын бақытты болыңдар.

Гиппократтың, антын адал орындап,  
Келесіңдер бар халықтан алғыс ап.  
Көп жасаңдар көпшіліктің бағына,  
Өздеріңмен байланысты болашақ.

Әрқашанда таза болсын арларың,  
Жеңіл және берік болсын қолдарың.  
Ауру келсе арашалап алатын,  
Жанашырым, ең сенімді қорғаным.



## АҚАН СЕРІ

Халқымның мақтанышы-Ақан Сері,  
Өнерпаз азаматы-ардагері.  
Қазақтың қай баласын сүйсіндірмес,  
Серінің құс қанатты Құлагері.

Жүйрік ат, құмай тазы, алғыр бүркіт,  
Серінің серіктері дейді екен жұрт.  
Қолында қарт домбыра, аузында-ән,  
Осының бәрі Ақанға біткен бір құт.

Жігіттер! Сері болсаң Ақандай бол,  
Ғұлама ғалым болсаң Шоқандай бол.  
Сал болсаң, ақын болсаң Біржандай бол,  
Адам бол өнері мен білімі мол.

Тағамның дәмі келмес таза тұзсыз,  
Серінің сәні келмес сұлу қызсыз.  
Ақанды мүмкін емес ауызға алу,  
Қазақтың қас сұлуы - Ақтоқтысыз.

Жас ұрпақ үлгі тұтып бабаларын,  
Әлемге паш етіп жүр мұраларын.  
Жадында мәңгі сақтар менің халқым,  
Ақандай аты әйгілі балаларын.

## ЕДІЛ

Еркесі табиғаттың Еділ сері,  
Сен-көне ғасырлардың куәгері.  
Арнаңда ақпады ма бір кездерде,  
Қаналған халықтардың қан мен тері.

Армандап адамзаттың болашағың,  
Жас Ленин сенде өткізген жастық шағын.  
Өзіңде тұңғыш рет тұтқындалған,  
Құлатпақ болғаны үшін патша тағын.

Арқалап тарих жүгін алға басқан,  
Алыпқа мен тілөймін ашық аспан.  
Жасасын сапта тұрған Еділ-солдат,  
Көптеген жөңістерге үлес қосқан.

Еділ-Волга, Отандас, замандасым,  
Арнаңда аққан суың таусылмасын.  
Айта бар сәлемімді қарт Каспийге,  
Жарқырап, бақыт жайлы ән тыңдасын.





## **АЗА КҮНІ**

Құрған кезде Голощекин тозағын,  
Қудаланып тоз-тоз болған қазағым.  
Тар жол тайғақ кешулерді көп көріп,  
Талай жылдар тартқан өмір азабын.

Үш миллион адамынан айырылған,  
Қазақ -халық қанатынан қайырылған.  
Қайран менің бабаларым ардақты,  
Жазықсыздан жазықты боп жойылған.

Ертеңгі күн-Аза күні елімде,  
Қасірет шеккен Қазақстан жерінде.  
Қазағыма қастық қылған жауыздар,  
Мәңгі жансын жаһаннамның өртіңде.

## **ӘРҚАШАН ЗЕРДЕМІЗДЕ**

Жазықсыз айыпталып жаланың құрбаны болған  
халқымыздың ардақты азаматтары Шәкәрім  
Құдайбердиевті, Сәкен Сейфулинді, Ілияс  
Жансугуровты, Құдайберген Жұбановты,  
Бейімбет Майлинді, Міржақып Дулатовты,  
Мағжан Жұмабаевты, Мұқан Айтпеневты, Қошке  
Кемеңгеровты, Әбілхайыр Досовты зерделеу  
ретінде ұсынамын.

Тарихтың көз жіберіп тамырына,  
Заманның қалдым қайран ағымына.  
Талайлар тар жол, тайғақ кешулерде,  
Кінәсіз түсіпті өмір тамұғына.

Шәкәрім, Сәкен, Ілияс алыптарым,  
Ахмет, Құдайберген -екі ғалым.  
Атанып "халық жауы" кеттіңдер-ау,  
Ешқандай болмаса да айыптарың.

Бейімбет, Міржақып пен Мағжаным,  
Белсеніп көтеріскен елдің бағын.  
Ерлердің ұлы Отанын шексіз сүйген,  
Таппадым жер бетінен топырағын.

Сәкеннің жанашыры Мұқан қайда?  
Қаламгер Қошке өлді қай жағдайда?  
Мемлекет қайраткері Әбілхайыр,  
Халқының симай кетті-ау маңдайына.

Жарқ етіп жоқ болған бұл алыптарды,  
Себепсіз кім апарып торға салды?  
Ел үшін құрбан болған боздақтарым,  
Кебінсіз сүйектерің қайда қалды?

Көп жылдар көміліп көп архивтарға,  
Шыға алмай жатты шындық тас құлыпта.  
Бұл күнде ақталған көп алыптарды,  
Үлгі етіп жүрміз барлық ұрпақтарға.  
Жаңғырып қайта келген жариялық,  
Жала мен заңсыздыққа салды құрық.  
Жазықсыз ұл-қыздарын жатыр ақтап,  
Партия әділ сотын қайта құрып.

## **ЗАМАНА ТОЛҒАУЫ**

Егеменді елдің жүгін арқалап,  
Жүргендерге мен тілеймін зор талап.  
Ұлт намысын, ар-ожданым сақтайтын,  
Ұрпақтарым көбейсе екен жыл санап  
Тар заманда сынға түскен жастарым,  
Адал болсын жолдастарың, достарың.  
Адамшылық туын берік ұстасаң,  
Елдігіме елеулі үлес қосқаның.  
Жалқауларды жек көремін жауымдай,  
Саңлақтарды сүйем Көкшетауымдай.  
Күйінемін көргенде кей жастарды,  
Мінезі бар құбылмалы дауылдай.  
Ағайын жат, жақының жау-ғажайып!  
Бұл не деген заман болды, халайық?  
Ерін күтіп, енелерін сыйлайтын,  
Келіндер де кетті-ау шіркін азайып.  
Бояу жағып үлбіреген ерінге,  
Сұлу болып көрінем деп еріне.  
Көлбеңдетіп көйлек киген келіндер,  
Шалбар киіп шолтаңдады-ау төрімде.  
Боламыз деп ерекше бір қылықты,  
Кей жастарым араққа да құнықты.  
Жұрт алдында құшақтасып, сүйісіп,  
Үлкендерден ұялуды ұмытты.  
Бейпіл ауыз болмаса екен ұлдарым,  
Жеңіл ойлы болмаса екен қыздарым.  
Биік болып шықпақ болған шындарың,  
Өсіңдерші білмей қайғы-қасірет, мұң барын.

## **ҰҚСАП ЖАЗДЫМ ШЫНДЫҚТЫ**

Ертеде бір менменсіген азамат,  
Патша болып іс істепті "ғаламат".

Қазынасын бөліп беріп халқына,  
Мақтаныпты жасадым деп "ғанибат"

Айырылып бар байлықтан тұрақты,  
Сол мемлекет көп кешікпей құлапты.  
Ойласаңыз бұл аңыздың өзінде,  
Шындықтың бір ұшқыны бар сияқты.

Олай болса сыр шертейін толғанып,  
Бастан кешкен ел тарихын еске алып.

Кеттің қайда он бес елім Одақтас,  
Оңдыңдар ма егеменді саналып.

Мәңгілік қып Ленин жаққан шам қайда?  
Октябрьде атқан алтын таң қайда.  
Отан үшін, бақыты үшін халықтың,  
Ардагерлер төккен тер мен қан қайда?

Бірлік қайда ұлы күш боп саналған,  
Достық қайда күрестерде сыналған.

Байлығынан айырылған апаттан,  
Ұқсадық-ау қарт Аралға суалған.

Әлсізденіп ұлтаралық қатынас,  
Бауырластар бір-бірімен болды қас.  
Ұрлық, зорлық, кісі өлтіру көбейді,  
Қайда барсаң үрейленген кәрі-жас.

Етек алып қымбатшылық, зәрулік,

Арқамызға түсті түрлі ауыр жүк.


Қаптап кеткен озбырлық пен заңсыздық,  
Қорғансыз боп бара жатқан кәрілік.

Бәсеңсіді елімде еңбек қарқыны,  
Ерік алды парықсыздық салқыны.  
Кәсіпкерлер кәсіп етіп сауданы,  
Байлықтары қорғасындай балқыды.

Болмасам да аты әйгілі, білікті,

Өз әлімше әшкере еттім сұмдықты.

Оқырманым ойлан, толған, қабыл ал,  
Шыңболатқа ұқсап жазған шындықты.



## **БОЛЬНИЦА КҮНДЕЛІГІНЕН**

Бес қабатты үйден биік аққайың,  
Гүлденесің, түрленесің күн сайын.  
Мен де сендей көкке өрлеген жігіт ем  
Бұл күндерде мұндай болды хал-жайым.  
Сәтті емделсем тұғырыма қонармын,  
Деген оймен тіршілікке құмармын.  
Тілегіме ортақ болған ел жұрттың,  
Тілегіне тірі жүрген болармын.  
Бір жыл болды науқас мені жыққалы,  
Мұғалімдік саптан мүлде шыққалы.  
Бір жыл толды "біздің Камон мүгедек"  
Деген салқын сөздің мәнін ұққалы.  
Бірақта мен болашаққа сенемін,  
Сол сенімді арқа тұтып келемін.  
Туған жанға түбінде бір өлмек бар  
От боп жандым-жалын болып сенемін.

## **БАСЫНА БАЛДЫЗЫМНЫҢ БАҚЫТ ҚОНСЫН**

Ассалаумағалейкөм, қайын аға!  
Есен бе жеңгетай мен бала шаға.  
Қолыма қуанышпен қалам алдым,  
Елдегі жаңалықты естіп жаңа.  
Естідім жас балдыздың туғандығын,  
Кіндігін тарамыспен буғандығын.  
Сыбанып кіндік-шеше сабын алып,  
Балдызды сылап-сипап жуғандығын.  
Сарымаймен жұмсақ тәнін сылағанын,  
Балдыздың «ңңаңа» деп жылағанын.  
Кінәсіз жас сәбидің қос құлағын,  
«Өс-өс» деп жұлып күшін сынағанын.  
Анадан ұл тумайма жерді құшып,  
Бауырына қол-аяғын бүгіп-қосып.  
Ата-ана тәрбиесі арқасында,  
Балапан құс болмай ма аспанға ұшып.  
Балапан жарық көрер көзін ашып,  
Сөз сөйлер балдырақтап аяқ басып.  
Қылығын балдан тәтті көргенінде,  
Қуанып шаттанарсың көңілің тасып.  
Ер жетіп жас балдызым жігіт болсын,  
Басына бармақтайын бақыт қонсын.  
«Ата» деп еркелеген қос құлынын,  
Көргенде атасының көңілі толсын.

Жас өсіп қартаймай ма әлі кетіп,  
Еріксіз бүкірейіп сәні кетіп.  
Көнбеске кәрілікке шамаң бар ма,  
Сақалын сексен келсе селкілдетіп.

Сол кезде шалға керек туған бала,  
Секілді жас балаға туған ана.  
Ардақтап сол уақытта солар күтер,  
Әлпештеп алақанға салып қана.

Сөз шіркін сөйлей берсең жатыр толып,  
Тарихқа көз жіберсең оймен шолып.  
Қайнаға бөбектердің қызығын көр,  
Жас жетіп қартайғанша әбден солып.

Қиыр Шығыс 1954ж

### **ҚҰДАШАҒА**

Хатыңды алдым – білдім істің мән-жайын  
Сөйлесуге сіздей жаспен мен дайын  
Ақ бетіме саз жақтың-ау құдаша  
Білмей істің ақ-қарасын-жағдайын  
Аққа қара жұға берер жаққанда  
Кінәсізді кіналап мін таққанда  
Ашу үшін ағайынның арасын  
Қызыл тілмен өсек кілтін соққанда  
Атым Камон мен Хасеннің ұлымын  
Шетте жүрген Отамнымның құлымын  
Сізге құнсыз болсамдағы құдаша  
Туып өскен ел-жұртымның бұлымын  
Бұл өмірде атым қор боп көрген жоқ  
Жүректегі отым әлі сөнген жоқ  
"Арымды сен өлеңменен төктің,"-деп  
Сізден басқа қыз басыма төнген жоқ  
Олай болса маған кінә қоймаңыз  
Арыңызды жап-жас болып жоймаңыз  
Сізге деген жас жүрегім сүттен ақ  
Бұл сөзімді миға салып ойлаңыз  
Қош-қош менің замандасым ардақты  
Мен салмаймын сізге ауыр салмақты  
Сіз болсаңыз суда жүзген жас шабақ  
Мойныңызға салар біреу қармақты  
Қош-қош менің қателескен құдашам,  
Алдыңыздан бақыт тілеп жансын шам  
Камон атты құдам бар деп жүрерсіз,  
Қадірімді біле алсаңыз-ұнасам

Қош есен бол көріскенше қарлығаш,  
Білім қуып алға басқан балғын жас  
Бағың жанып, тең құрбыңның алды бол  
Қайратты бол қайғы келсе қажымас

1954жыл

### **АНАМА**

Ақ сүтінде адалдықтың дәмі бар,  
Ақ сүтінде адамзаттың ары бар.  
Ақ сүтінде даналарға бітетін,  
Асыл деген қасиеттің бәрі бар.

Жақсы болсам сен жүресің сүйініп,  
Жаман болсам күнде өлесің күйініп.  
Сапар шөгіп жолға шықсам тілейсің,  
Сақтай көр деп тәңіріңе сиынып.

Жатсам ұйқтап мені қымтап жүресің,  
Қылығыма кейде мәз боп күлесің.  
"Құлыным" деп қырықтан асқан балаңды,  
Әлі де бір жас сәбидей көресің.

Өміріме жолдау берген анашым,  
Сен өзіме данадан да данасың.  
Қартайдым деп қажымашы, солмашы,  
Қартайсаң да қарт балаңа панасың.

Құрметтейін күш қуатым жеткенше,  
Ренжітпейін бар өмірім біткенше.  
Ант етейін ақ сүтінді ақтауға,  
Демім бітіп мәңгі ұйқыға кеткенше.

### **АНАЛАРҒА**

Қуанышпен қарсы алдық біз бүгін,  
Халықаралық сегізінші март күнін.  
Той үстінде аналарға артық па,  
Табиғаттың ұсынсақ бар жаз гүлін.

Ант етейік ардақтауға ананы,  
Аялауға бойжеткен қыз - баланы.  
Төнбесінші аналардың басына,  
Ешқашанда тағдырдың сұм зауалы.

Серт берейік ана сүтін ақтауға,  
Ана есімін есте дәйім сақтауға.  
Аналардың арқалаған жүгі ауыр,  
Сөз жетпестей бәрін екшеп, мақтауға.

## **АРДАҚТАЙЫҚ АНАЛАРДЫ**

Әйел - ана - махабаттың арнасы,

Әйел - ана - адамзаттың анасы.

Әрқашанда ана барда бала бар,

Бала өмірдің үзілмейтін жалғасы.

Аналар ғой тіршіліктің тірегі,

Аналар ғой халықтардың жүрегі.

Аналардың амандығы, өмірі,

Ақ сүт емген әр баланың тілегі.

Даналардың, аналардың анасын,

Құдіретті күш деп әркім санасын.

Ана сүтін ақтап өтсең, оқушым,

Ұрпағыңа үлгі болып қаласың.

## **КЕУДЕҢ ТОЛҒАН КЕҢ ДҮНИЕ, АНАШЫМ**

Кеудең толған кең дүние анашым,

Сен аналық борышыңа адалсың.

Жетекшімсің үлкен өмір жолында,

Ұстазымсың, ақылшымсың, панамсың.

Ана барда, адалдық бар, шындық бар,

Адамзатта ортақ тіл бар, бірлік бар.

Аналарды қорғау үшін апаттан,

Сол бірлікті нығайтайық, халықтар.

Ешқашанда ана жесір қалмасын,

Жанарынан қайғы жасы тамбасын.

Соқсын бірге сүйіскен жас жүректер,

Тапсын әркім өмірден өз арнасын.



## **АНАМЕН ӨРКЕНДЕЙДІ ӨМІРІМІЗ**

Ана ғой тіршіліктің қайнар көзі,  
Ана ғой адамзаттың ұлы сөзі.  
Аналар емес пе екен әлемдегі  
Өмірді сақтап тұрған күштің өзі.

Теңесем аналарды жұлдыздарға,  
Көрінбес ерсі болып ешбір жанға.  
Гүлденіп өсе берсін қыз балалар,  
Жеңгейлер қартаймасын ешқашанда.

Анамен өркендейді өміріміз,  
Анамен ажарлы әр жеңісіміз.  
Мейлінше сүйіп, сыйлап жүрсектағы,  
Аз емес ана алдында борышымыз.

Апалар, қарындастар, замандастар,  
Ерікті әлемдегі барлық жастар,  
Ардақтап пір тұтайық аналарды,  
Солар ғой бізді әрқашан алға бастар.

Жасаса әйел адам толық ғасыр,  
Сенемін - болмас еді елге масыл.  
Өйткені өмір жүгін арқалаған  
Әйелдің жаны берік, сүйегі асыл.

Уа, халқым! Бағалайық әйел басын,  
Әйелдер алданбасын, жыламасын.  
Партия қамқорлығы арқасында,  
Еңбекте, семьяда бағы жансын.

## **ЕЛ СЕНІМІН АҚТАЙ БІЛ**

Ел сенімін қадір тұт,  
Комбайншы, ардағым.  
Егінжайда уақытты ұт,  
Пайдаланып таң нұрын.

Қасиетті алтын дән,  
Шашылмасын далаға.  
Сол алтын дән - ертең нан,  
Басылмасын табанға.

Жекпе - жекте жеңіп шық,  
Құбылмалы күн райын.  
Арқанда тұр ауыр жүк,  
Қайратты бол әрдайым.





## **СЫН САҒАТЫ ТУҒАНДА**

Сын сағаты туды, міне, еліме,  
Алтын дәнге ана болған жеріме.  
Тізбектеліп кемелері даланың,  
Шықты бүгін егінжайдың төріне.

Шықты диқан қамын ойлап халқының,  
Жылға балап әр сағатын, әр күнін.  
Сәтті болсын мешін жылғы сапарың,  
Кемімесін еңбектегі қарқының.

Болар талай күздің қарлы жауыны,  
Соғар талай долы қара дауылы.  
Қайратыңды қарсы қойып оларға,  
Шық күреске батыр диқан қауымы.

Төкпей - шашпай жинап алсақ астықты,  
Азап шеккен халқымыз тоқ - ел мықты.  
Олай болса майданында еңбектің,  
Елің үшін көрсет, диқан, ерлікті.

Қырымдарда қызу еңбек қайнасын,  
Білектерде бұлшық еттер ойнасын.  
Толтырайық сапасы мол астықпен,  
Егеменді еліміздің қоймасын.

## **ДИҚАН**

Айналайын, батыр диқан, даңқыңнан,  
Жер - ананы мәпелеген салтыңнан.  
Маңдай термен алтын дәннен тау соғып,  
Жүрсің дәйім алғыс алып халқымнан.

Ырыс болып шықса жерге шашқаның,  
Нұрға толар бейбіт таңым - аспаным.  
Ойлағаның елдің қамы қашанда,  
Жаннан бұрын қарсы алып жаз таңын.

## НАН

Мен арымды сатпас едім жан үшін,  
Мен жанымды қимас едім мал үшін.  
Қажет болса мен аяман жанымды,  
Отан үшін, қасиетті Нан үшін.

Алтын дәннің нәрі сіңіп төніме,  
Арқау болып жүр әрқашанда әніме.  
Диқаншымын - НАН өсіру кәсібім,  
Нансыз маған тіршіліктің мәні не?

Өйткені нан бас байлығы елімнің,  
Құнары мол қазыналы жерімнің.  
Нан диқанның еңбегінің жемісі,  
Нәтижесі төккен маңдай терінің.

Түрлендіріп, гүлдендіріп жер бетін,  
Келді алтын күз Нан тағдырын шешетін.  
Сын сағаты туды батыр диқанға,  
Тексеретін оның барлық қаблетін.

Бізге қымбат алтын күздің әр күні,  
Диқан бауырым, бос сөз көрме сен мұны.  
Алтын дәнді жылдам жинап алайық,  
Азық - түлік мол болғандай ит жылы.

## ШЫҒАЙЫҚ ЖАРЫСҚА

Бейбіт сүйігіш халқымыз бар,  
Әділеттікті қолдайтын.  
Еңбек сүйігіш салтымыз бар,  
Табыстарға тоймайтын.

Бүгін менің Отанымда,  
Еңбек тойы дәстүрлі.  
Екпінділер қатарында,  
Мен де болам бұл күні.

Еңбек тойы - салтқа айналған,  
Коммунистік сенбілік.  
Октябрьден жолдама алған,  
Ерікті еңбек өмірлік.

Сенбілікте миллиондармен,  
Мен де шығам жарысқа.  
Сен де қалма құрбыңнан кем,  
Жет жеңіске табысқа.

## **ДИҚАН ӘНІ**

Егіншілер білектерін сыбанып,  
Кемелерін егінжайға шығарып.

Алтын дән деп аталатын жорыққа,  
Кетті аттанып қолдарына ту алып.

Кең далада кемелері даланың,  
Күйін шертті астықты жер - ананың.  
Мен де бүгін сол әуенге үн қосып,  
Егінжәйда орақ әнін саламын.

Жер иесі еңбек сүйгіш халайық,  
Орақ келді! Алғы шепте болайық.

Аз да болса алтынға тең астықты,  
Көптей көріп толық жинап алайық.

Жинап алсаң өсірілген өнімді,  
Ақтағаның партия артқан сенімді.  
Еңбегіңді ел бағалар ескеріп,  
Танаптарға төккен маңдай теріңді.

Қызу еңбек қырымдарда тыңбасын,  
Техникалар тоқтамасын, сынбасын.

Толып жатқан себептерге сүйеніп,  
Агрегаттар қаңтарылып тұрмасын.

Жерден өнген жер бетінде қалмасын,  
Жауапсыздық ойдан орын алмасын.  
Әр диқаншы тәжіриебесін, білімін,  
Аңсап күткен длтын дәнге арнасын.

## **ДИҚАНҒА ЖІГЕР**

Қасиетті нанның аты - алтын дән,  
Сол алтын дән қымбат маған алтыннан.


Өйткені мен өткен соғыс кезінде,  
Егінжайда маңдай терін төккен жан.

Нан бар жерде кедейлік жоқ, кемдік жоқ,  
Нан бар жерде жұмыс жақсы, көңіл тоқ.  
Отанымның баға жетпес байлығы,  
Нан жоқ жерде шын мәнінде өмір жоқ.

Қабақ түйіп, бұлт жамылып күз келді,  
Жүз құбылып күн райы да өзгерді.

Олай болса орақта еңбек қарқыны,  
Сағат сайын күшейтетін кез келді.

Төксе сел боп күздің қарлы жауыны,  
Соқса кейде долы кара дауылы .  
Қажырлықты қарсы қойып оларға,  
Жет жеңіске - батыр диқан қауымы.



## **КОММУНИСТІК СЕНБІЛІК**

Миллиондармен сенбілікке,  
Шыққан Ленин данам да.  
Бүгін де ол бізбен бірге,  
Сапта - Қызыл алаңда.  
Әр сенбілік бізге "Ұлы  
Бастаманың" жалғасы.  
Әр сенбілік - Ленин нұры,  
Ерікті еңбек арнасы.  
Ерікті еңбек біздің өлде,  
Ұлы жөніс жүлдесі.  
Қанаушы тап бар өлдерде,  
Ол - халықтың мүддесі.  
Бүгін бізде шат - мерекө,  
Еңбек тойы дәстүрлі.  
Бүгін тұмақ мол берекө,  
Ерлік істер сан түрлі.  
Еңбек күйі - мейрам күні,  
Жатсын шалқып төгіліп.  
Жасай берсін еңбек гимні  
- Коммунистік сенбілік.

## **АЛТЫН АСТЫҚ**

Сел болып төгіл жырым, қуан жүрек,  
Женіске айналғанда үлкен тілек.  
Тау болып Қазақстан миллиарды,  
Тұр бүгін жер бетінде Көкті тіреп.  
Ұраның партияның іспен қолдап,  
Ерлерім еңбек етті байлық сомдап.  
Отанға Көкшенің де шықты даңқы,  
150 миллион пұт астық жолдап.  
Бұл женіс аңыз емес кұр ертегі,  
Бұл женіс ерлік істің ірі өлшемі.  
Салмақпен таразыны басып тұрған,  
Бұл женіс миллиардтың бір бөлшегі.  
Көтеріп биік шынға еңбек туын,  
Женіске қосқан үлес Қызылтуым.  
16 миллион пұт алтын астық,  
Сүйікті Отаныңа тартқан сиың.  
Жеңісің құтты болсын жерлестерім,  
Жемісті бола берсін еңбектерің.  
Қашанда алған сертте тұрады деп,  
Артады партиямыз үлкен сенім.

10.1986ж.

## **КЕЗЕКПЕН ҚОЙ БАҒЫП ЖҮРГЕНДЕ.**

Камон қайда дегенге  
Қой бағып жүр дегейсің,  
Қартайғанда жалға емес,  
Жай бағып жүр дегейсің.

Күзгі жауын астында,  
Сорғалап жүр дегейсің.  
Жүгіре алмай далада,  
Жорғалап жүр дегейсің.

Он төрт үйдің қойына  
Қорған боп жүр дегейсің.  
Сырттан қарап, бақылап,  
Шолпан да жүр дегейсің.

Жаңа ғана шалғынға,  
Келіп кетті дегейсің.  
Нұсқауларын шалына,  
Беріп кетті дегейсің.

Мораль оқып бір сағат,  
Сарнап кетті дегейсің.  
Кетерінде қойларды,  
Қарғап кетті дегейсің.

Сол қарғыстан семіз сек,  
Сеспей қатты дегейсің.  
Қаңғып кетіп бір кошқар,  
Сорға батты дегейсің.

Қарғыс атқан ешкілер,  
Қашып кетті дегейсің.  
Бір қозыны әлгілер,  
Басып кетті дегейсің.

Жайылымнан ертерек,  
Кетпек боп жүр дегейсің.  
Құдалыққа тезірек,  
Жетпек боп жүр дегейсің.

Оған дейін құдалар,  
Тыныға берсін дегейсің.  
Аздап алып "ақаңнан",  
Шыныға берсін дегейсің.

Камон міне осындай,  
Сәлем айтты дегейсің.  
Қойды қуып алқынып,  
Әрең айтты дегейсің.



## **ӘЗІЛ - ШЫНЫ АРАЛАС**

Білмеймін мен жаман ба, сен жаман ба?  
Жұрт киген модалардан мен қалам ба?  
Қазақтың менен жаман қатындары,  
Малынып жүрген жоқ па ворсаланға.

Кеммін бе мен солардан киіндірсең,  
Қартайып тұрған жоқпын-көркім де әсем.  
Жұрт барған курортқа мен бармас па едім,  
Жылына бір жолдама алып берсең.

Шөлке етік, платформа бәтенкесін,  
Тапсаң да жерден қазып әкелесің.  
Білмеймін кремплин бе, трамплин бе?  
Әйтеуір содан пальто әкелесің.

## **НАЗКЕНГЕ**

Күлесің көрген сайын шәшің ақ деп,  
Құдай-ау шәшің түгіл қасың ақ деп.  
Шәшінді краскеле деп мазалайсың,  
Жүрсің бе қырық сегізді қыршын жас деп.  
Несі бар ақбас болсам Эльбрустай,  
Несі бар ұшқыр болсам қыран құстай.  
Ақ шәшім адалдықтың нысанасы,  
Әйтпесе шағын тәнім асыл тастай.

## **ЖАС ҰСТАЗҒА**

Алпыстың адырынан кеттім асып,  
Жетпіске аяңдадым алшаң басып.  
Халқыммен өттім өмір мектебінен,  
30 жыл жас ұрпақпен қол ұстасып.

Баланың қандай жақсы сырын білу,  
Ынтасын, қабілетін зерттей білу.  
Жасыңның үлкендігін сәл ұмытып,  
Үзіліс кездерінде ойнап күлу.

Шындықты жан-тәнімен сүйер бала,  
Сен оған қателесіп жаппа жала.  
Жазықсыз жазаласаң жас ұланды,  
Сезімшіл жүрегіне түсер жара.

Қиялмен, жер мен көкті шолар бала,  
Өмірге сын көзімен қарар бала.  
Сондықтан әрқашанда болжаушы бол,  
Абай бол, жас ұстазым, аңқау болма.

Ұстаз бол мейірімді, инабатты,  
Ардақта әрқашанда ақиқатты.  
Іскер бол- қызметіңе ұқыпты бол,  
Қадір тұт ұстаз деген зор атақты.

## **КЕМШІЛІКKE БЕРІЛMECІH KEHШІЛІK**

Егін бітті-қыс та жетті,  
Бірақ бастық саспайды  
Колхозшылар күн суық деп,  
Жұмысқа аяқ баспайды  
Анау контор үш жыл болды,  
Қаланғалы кірпіші  
Әйнек, есік ашық тесік  
Құнтсыздықтың үлгісі  
Оны айтқанша жолдасым-ау  
Жел құдықты айтсайшы  
Екі метр қазылыпты  
Соны көріп қайтсайшы  
Бір ауылда жалғыз құдық,  
Оған да кілт салынды  
Оқушылар су ала алмай,  
Жүмәлиге жалынды  
Жалғыз құдық иесінін,  
Өңеші де кең екен  
"Бір шелек су – елу тиын", -  
Деп шіренді Жүмекең  
Кеше кешке барып едім,  
Мал фермасы басына  
Күрең сиыр сөз сөйледі  
Қабырғаға қасына:  
"Мынау суық келе жатқан,  
Уайым-қайғы менде көп  
Алдымда-оттық, аста – тақтай  
Жылы қора менде жоқ  
Айта берсек ауылымызда,  
Толып жатыр кемшілік  
Біздің тілек: кемшілікке,  
Берілмесін кеңшілік

1956жыл



## НЕКЕ КОДЕКСІ ЖАС КҮЙЕУГЕ

Күйеу саған айтар сыр бар,  
Құлақ салып тыңдасаң.  
Бұл сырдың көп пайдасы бар,  
Терең талдап ұға алсаң.

Ең алдымен қатал талап,  
Қойып үйрен өзіңе.  
Семьяңа салқын қарап,  
Түспе көптің көзіне.

Шаршап келсең семьяңды,  
Қуырдақша қуырма!  
Мазалама өз ұяңды,  
Жоқ нәрсеге буынба!

Әр нәрсені себеп қылып,  
Кеш келуден аулақ бол!  
Көрсеқызар атың шығып,  
Жас басыңнан болма қор.

Алған күні еңбек ақы,  
Жол дүкеннен өтпесін.  
"Ақаң" болып, шыққан даңқы,  
"Арақ" қағып кетпесін!

Ақшаң бітсе ата-анаңа,  
Соза берме қолыңды!  
Қартайса егер-қор санама,  
Соларға бер төріңді!

Өз үйіңе салған жолың,  
Тура болсын бұлтықсыз.  
Сенер саған сүйген жарың,  
Тек жүр қулық сұмдықсыз.

Қиын күндер кездескенде,  
Жарың болсын ақылшың.  
Шындық үшін егескенде,  
Арың болсын ақылшың.

Қайын жұртың силасқанда,  
Өз жұртыңмен тең болсын!  
Жақынға да, алашқа да,  
Ақ бейілің кең болсын!

Семияңда өнегелі,  
Еңбексүйгіш әке бол.  
Қайратты бол-бас ілгері,  
Өмір жолы - ауыр жол.



## ЖАС КЕЛІНГЕ

Берік болсын келінжаным,  
Аттап түскен босағаң.  
Ашық болсын көк аспаның,  
Жарылғасын жасаған.

Әрбір үйде бола берсін,  
Шын силастық - үлкен күш.  
Әр отауға қона берсін,  
Ұя салып бейбіт құс.

Нан мен тұзың дәмді болсын,  
Шәйің шекер бал болсын.  
Дастарханың сәнді болсын,  
Берекесі мол болсын.

Ар намысың таза болсын,  
Адал болсын көңілің.  
Жас басыңа бақыт қонсын,  
Ұзақ болсын өмірің.

Қарапайым боламын деп  
Жасық болма жігерсіз.  
Бір үйретіп алармын - деп,  
Қоя берме "жүгенсіз".

Ұсақ іске көп мән беріп,  
Қажай берме еріңді.  
Өрісі кең өсекке еріп,  
Жойма жаным сенімді.


Қателігін ақырмай айт!  
Жара салма жанына.  
Айтарыңды ақылмен айт!  
Жағымды бол жарыңа.

Көп көзінше арын төкпе!  
Салғыласпа - ұрыспа!  
Сыр білдірмей сыншыл көпке,  
Тұрғызып қой бұрышқа!

Ренжісе жас жұбайың,  
Жұбат жылы сөзіңмен.  
Ақылменен тап ыңғайың,  
Кем көрме оны өзіңнен.

Модаға көп мойын бұрып,  
Жоқты тап деп зорлама.  
Бұйрық беріп "концерт" құрып,  
Жұбайыңды қорлама.

Қатал заңды өмір алда,  
Талай сыннан өтерсің.  
Ұмтыл алға, артта қалма,  
Тілегіңе жетерсің.



## **КӨПЕЙІМ СЪЕЗБЕГІМЕ**

Съезбегім! - Көпей құлыным,  
Таптың таңдап теңінді.  
Әрқашанда ақта ботам,  
Әкең артқан сенімді.  
Еліңді сүй - еңбекшіл бол,  
Сабырлы бол - салмақты.  
Мен тілеймін саған ақ жол,  
Азамат бол - ардақты.

Биік болсын шаңырағың,  
Берік болсын босағаң.  
Баянды боп өссін бағың,  
Жарылғасын жасаған.

## **КЕЛІНІМ АНАРҒА**

Құтты болсын Анар - жаным,  
Нұрға шомып атқан таңың.  
Ұйтқысы бол семьяңның,  
Мәңгі сөнбей жансын шамың.  
Ақ бұлақтай мөлдір болсын,  
Кіршігі жоқ таза арың.  
Жас басыңа бақыт қонсын,  
Адал болсын сүйген жарың.

Анар-жаным үлгілі бол,  
Қадірлі бол халқыңа.  
Келін атан ақылы мол,  
Ел сүйсінсін даңқыңа.

## **ЕКЕУІНЕ**

Сапарларың сәтті болсын!  
Құдай берген қос ботам.  
Ақтарылдым жүректен шын,  
Қабыл болсын ақ батам.



## СЪЕЗБЕГІМЕ-25

Құтты болсың мүшел жасың, құлыным,  
Ұзақ және мәнді болсын ғұмырың.  
Бақытты болып өссін тұнғыш Мөлдірің,  
Жақсы істерге толы болсын әр күнің.

\* \* \*

Балаларым-тойға келген жастарым,  
Адал болсын жолдастарың, достарың.  
Көңіл қалар сөзден Алла сақтасын,  
Әрқашанда қосылғанда бастарың.

\* \* \*

Ата-ананың ақ сенімін ақтандар ,  
Ар-намысты дақ түсірмей сақтаңдар.  
Еңбек сүйгіш, ел сүйгіш боп өсіңдер,  
Әділдікті, жақсы істерді жақтаңдар.

\* \* \*

Жаңа жыл құтты болсын, құлыншағым,  
Кызықты болып өтсін жастық шағың.  
Баянды болсын басқа қонған бағың,  
Сөнбесін жүзге жетпей жанған шамың.



## ӘСЕЛІМЕ

Толдың бүгін алты жасқа, құлыным,  
Бақытты бол-нұрға толсын ғұмырың.  
Мектепке бар, тәрбие ал-өсе бер,  
Терең болсын білімің мен ұғымың.

\* \* \*

Өзгелерден орының бөлек, Әселім,  
Ұсындым мен саған гүлдің өсемін.  
Атаң сенің армандайды көрсем деп,  
Немересінің ең бірінші мүшелін.

\* \* \*


Ризамын-қабыл болды тілегім,  
Орныққандай болды енді жүрегім.  
Жұмыр басты пендемін ғой сондықтан,  
Кызықтарға тоймасымды білемін.

\* \* \*

Бұл өмірде мүшел жасың көп болсын,  
Көңілің тоқ, уайым-қайғың жөк болсын.  
Жақсылардан үлгі алып іс-арлы бол,  
Мінез-құлқың жалын шашқан шоқ болсын.

\* \* \*

Он сегізге толған менің Әселім,  
Алғаш көрген немеремсің сен менің.  
Ақылды бол-білім алып алға бас!  
Қартайсам да қамқоршыңмын мен сенің.



## АМАНГЕЛДІ ТОКСАНБАЕВҚА

Құтты болсын 50 жасқа толғаның,

Оның асқар адырына қонғаның.

60 жасқа аяңдай бер алшаңдап,

Әрқашанда "Қызыр" болсын қорғаның.

Жасыма сен егде тартып қалдым деп,

Сақалықты мойынға шын алдым деп.

Қарттық дәуір әлі алдыңда - асықпа,

Жұрт алдында жүрме ботам шалмын деп.

Елу деген ердің жасы білгенге,

Елмен бірге еңбек етіп жүргенге.

Аталарсың "Амангелді ақсақал",

Зейнеткерлер қоғамына кіргенде.

Өз жасыңа жас қосылсын жыл санап,

Семьяңа бас қосылсын "аталап"

Бұл жалғанда қосағыңмен қоса ағар,

Кетпесін тек бастарыңа біткен бақ.

Балаларың басыңдағы бақытың,

Өссін солар ата-анасын сүйіп шын

Көп кешікпей келін түсір отау тік

Жетті енді қызық көрер уақытың.

Жасара бер өткен сайын күндерің.

Көктем сайын жайнай берсін гүлдерің

Кеудең сенің алтын сандық - қазына

Сарқылмасын білімің мен өнерің.

\*\*\*

Біраз өлең жазыпсың,

Ақ ниетпен - жүректен.

Өлсем ізім қалсын деп,

Адал - ізгі тілекпен.

Болмасаң да шын ақын,

Ақынжанды адамсың.

Жарылыпсың ағынан,


Құтты болсын қадамың.

Дарияның түбінен,

Сөз маржанын тергейсің.

Көркем сөзге көбірек,

Нақты көңіл бөлгейсің.



## МӨЛДІРІМЕ

Қуаныш құтты болсын балаларым!  
Жыл санап өсе берсін қатарларың.  
Жалғасы өмірімнің сендер барда,  
Көп емес шынымды айтсам, армандарым.  
    Немере көрдім бүгін Мөлдір атты,  
    Түрі бар қыз болатын ең қымбатты.  
    Тілегім - атасы мен әжесіне,  
    Жұбаныш болса екен тілі тәтті.  
Жасынан пайғамбардың кеттім асып,  
Жетпіске аяңдадым алшаң басып.  
Шыққанда алпыс жастың адырына,  
Берейін Мөлдіріме шашу шашып.  
    Шалдардың мен бірімін бақыт қонған,  
    Дәулетке азды - көпті разы болған.  
    Алладан айналайын ұрпақ берген.  
    Қызым мен ұлдарым бар - берік қорған.  
Мөлдірім бақытты бол бала жастан,  
Ару бол, өнерлі бол ақылы асқан.  
Сау болсын әке - шешең, туыстарың.  
Тілеймін ұзақ ғұмыр, ашық аспан.

\*\*\*

(бесік жыры)

Мөлдірім - кіршігі жоқ мөлдір бұлақ,  
Алладан тілеп сені алдым сұрап.  
Тыңдамай әжең айтқан өлеңдерді,  
Құлыным шаршадың - ау тынбай жылап.  
Әлди-ау, әлди- ботам, әлди ботам.  
Тербетіп отыр сені ақ шашты атаң.  
Асель мен анаң Анар кезекте тұр,  
Папаң да дейді кейде "мен де уатам".  
    Жылауық болма ботам, шыдамды бол,  
    Ермек қып анда - санда сосқаңды сор.  
    Айтқанын орындасаң ата - анаңның,  
    Өсесің бала болып ақылы мол.  
Аспанда ай қалқып жүр тербетіліп,  
Бесікте сен жатырсың жылап, күліп.  
Бір мезгіл тоқтатсайшы жылауыңды,  
Алайын мен де біраз көзімді іліп.

## **МИРАСҚА**

Балаларым өмірімнің жалғасы  
Отаулары өмірімнің арнасы  
Сол арнама Мирас келіп қосылып,  
Толды бүгін Сұңғатымның ордасы.

Денсаулығың берік болсын, Мирасым !  
Баяшкама серік болсын, Мирасым.  
Әселімді ержеткенде әлпештеп  
" Менің үлкен апайым" деп силасын.

## **СҰҢҒАТЫМА**

Қутты болсын туған күнің  
40-қа толған Сұңғатым  
Әрқашанда әрбір істе  
Шықса екен тек жақсы атың  
Білімің бар ұстай білсең,  
Берерің көп еліңе.  
Еңбек сіңір Отаныңа-  
Туып өскен жеріңе.

## **СҰҢҒАТТЫҢ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫНА**

Жас отауың жанға толсын,  
Ақ ниетті Сұңғатым.  
Соңыңа еріп, серік болсын,  
Съезбегің - қанатың.  
Еркесі едің ата - анаңның,  
Ляззат қалқам - келінім.  
Атты бүгін алтын таңың.  
Нұрға шомсын өмірің.

## **БАЯШКАМА**

Жаңа жылда жас қосылсын жасыңа,  
Мектепке бар бантик тағып шашыңа.  
Ата - анаңның аясында еркін өс,  
Баласынбай бақыт қонсын басыңа.



## **ЛӘЗЗАТ**

Құтты болсын туған күнің жеңгетай!  
Маңдайыңнан бақыт тілеп тусын ай.  
Бұл өмірде қайғы - қасірет көрмей өт,  
Әрқашанда болсын сенің көңілің жай.  
"Съезбек"

## **АЗАМАТЫМА**


Жаңа жылың құтты болсын Азамат,  
Бауырмал бол жақыныңа болма жат.  
Ата - анаңның тұңғышысың, құлыным,  
Сондықтан да бәрімізге сен қымбат.

## **ДАРХАНЫМА**

Дарханым - 8 айға толған ботам,  
Бұл күнмен құттықтайды сені атаң.  
Болсын тек жаның берік, жасың ұзақ,  
Ризамын қабыл болса берген батам.  
Болғанда үлкен жігіт желкілдеген,  
Аяққа баспа атыңды Дархан деген.  
Алдыңда жаңа ғасыр - ұзақ сапар,  
Жетерсің сексенге де селкілдеген.

\*\*\*

Сен - екіде, мен жетпістің төсінде,  
Жолаушымыз жаңа ғасыр көшінде.  
Тағы да бір бес - алты жыл жасасам,  
Атаң Камон қалар мүмкін есінде.  
Жаса - жаса ата - анаңның бағына,  
Дарынды бол балғын жастық шағыңда.  
Өрең биік болар жақсы атансаң,  
Зымырайтын өмір атты ағымда.





## АЛИЯМА

Бауырымнан жалғыз туған Алиям,  
Ажарыңа нұрын төксін алтын таң.  
Отау құрған Алиясын көргенде,  
Ақ батасын бермек саған қарт атаң.

Құтты болсын осы тойың құлыным,  
Ерғазыңмен нұрлы болсын әр күнің.  
Бесігіне бөленіп өт бақыттың,  
Сай болғай тек ақылыңа білімің.

Кеше ғана бала едің ғой балдырған,  
Қайда кеткен ақ бантикті бұрымың?  
Шындықты айтсам - кете алмадың шындықтан,  
Десеңдағы "мен осы үйдің ұлымын".

Сен едің ғой қымбаттысы Көкеңнің,  
Сеңсін жалғыз жұбанышы шешеңнің.  
Өмірінің жалғасы сен бір өзің,  
50 жаста қызық көрген әкеңнің

Сапарларың сәтті болсын қос ботам,  
Өмірлерің тәтті болсын қос ботам.  
Соқсын бірге сүйіскен жас жүректер,  
Қабыл болсын осы берген ақ батам.

## БОЛАТЫМА

Көпшілікпен өмір жүгін арқалап,  
37 жасқа толдың күн санап.  
Өміріңе серік болсын әрқашан,  
Денсаулық пен үлкен бақыт, зор талап.

\*\*\*

55-ке толдың бүгін толықсып,  
Өміріңді сынға салып шолып шық.  
Алияң мен Олжасыңның бағына,  
Жаса - жаса аяғыңды басып нық.

Ауырдым деп назаланба - қамықпа,  
Өмір үшін күресуге жалықпа.  
Аңқылдаған ақ ниетті бауырым,  
Бұрынғыдай сүйкімді бол халыққа.



## **РАУЗАМА**

Мүшел жасың құтты болсын келінім,  
Ең жанашыр панасы бол еріңнің.  
От басының ұйытқысы өзіңсің,  
Ақта, ботам, қайнағаңның сенімін.

Бұл өмірден қайғы - қасірет көрмей өт,  
Сексен жасқа жеткеніңше сөнбей өт.  
Кәрі емессің - он- онбес жыл әлі де,  
Емші болып ел - жұртыңа қызмет ет.

## **ГУЛЬНАШКЕМЕ**



Гүльнашкем, құтты болсын туған күнің,  
Өшпесін жүзге жетпей шаттық үнің.  
Анасың балаларға бұл күндерде,  
Баласың бірақ маған тұңғыш құлыным.

## **ҚАЙРАТЫМА**

Ата-анасы бар болып,  
Дара өскең құлыным.  
Босқа өтпесін өмірің,  
Мәнді болсын ғұмырың.  
Құтты болсын Қайратым,  
Отыз жеті мүшелің.  
Кемімесін қайратың,  
Пайдалы болсын әр ісің.  
Құлындарың ер жетіп,  
Кеңейте берсін өрісің.

## **ШЫНАРЫМА**

Толған айдай толықсып,  
Отыз үшке толыпсың.  
Жақсы деген атаққа,  
Жастай ие болыпсың.  
Семья мен еңбекте,  
Алғысқа ие бола бер.  
Келініме, ей Алла!  
Ұзақ ғұмыр бере көр



# МАЗМҰНЫ

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ – 10 ЖЫЛ.....	1
ОЙЛАН, ТОЛҒАН ӨЗ ҰЛТЫҢДЫ СҮЙСЕҢ ШЫН.....	2
ДАРХАН ДАЛАМ - КӨКШЕТАУ.....	3
МАҚТАНЫШЫМ - СОВХОЗЫМ.....	4
МЕНИҢ ЕЛІМ.....	4
"БУДЕННЫЙ" ДЕП АТАЛҒАН АЛТЫН ОРДАМ.....	5
РЕСПУБЛИКАМ – ГҮЛСТАНЫМ.....	6
З Е Р Е Н Д І.....	7
БУРАБАЙ -ЖЕР ЖҰМАҒЫ.....	7
ЖҰМБАҚТАС.....	8
БАҚЫТ ТАҢЫН АТЫРҒАН.....	8
ЖИЫРМА БЕС.....	9
50-ЖЫЛДЫҒЫМА.....	10
БАҚЫТ ҚҰСЫ ҚОНҒАН ЕЛ.....	11
ЫСҚАҚОВА БАЯНҒА.....	11
ЖАЛЫНДАҒАН ШАҚ ЕДІ.....	12
ӨЛЕҢ ТУРАЛЫ СЫР.....	12
ЕЛ АЗАМАТТАРЫНА.....	13
Ә К Е М Е.....	14
ЛЕНИН МАВЗОЛЕЙІНДЕ.....	16
БЕЛГІСІЗ СОЛДАТ.....	16
КҮШ-БІРЛІКТЕ.....	16
АҚ ТІЛЕКПЕН.....	17
ТІЛЕК.....	17
ШАЛҚИ БЕР ШАТТЫҚ ЖЫРЫ.....	18
ТӨРЛЕТ, 92-і.....	18
КӨКТЕМ.....	19
АҚ ТІЛЕК.....	19
ҚАЗАҚ САХНАСЫНЫҢ САҢЛАҒЫ.....	20
БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ.....	21
БЕЙБІТ ӨМІР БОЛСЫН ДЕП.....	21
АРҚА СҮЙЕП ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАРЛЫҚҚА.....	22
ЕЛ ҚАЛАУЛЫСЫНА.....	23
НАУРЫЗ ТОЙЫНА.....	23
АЛЫСТАН КЕЛГЕН АҒАЙЫНҒА.....	24
АҒАЙЫННЫҢ ЛЕБІЗІ.....	24
ЖЫР-ТІЛЕК.....	25
МЕНМЕНСІГЕН "МЫРЗАҒА".....	25
МАҚТАНЫШЫ ХАЛҚЫМНЫҢ.....	26
ШОҚАН МУЗЕЙІНДЕ.....	26
ШАТТАНБАЙЫН ҚАЛАЙША.....	27
КОСМОС ТӨРІНДЕ.....	28
ЕЙ ЖҰЛДЫЗДАР, ЫҒЫСЫҢДАР !.....	28
ҚАЗАҚСТАН ЖҰЛДЫЗЫ.....	29
ӨМІР ТОЛҚЫНЫ.....	29
ЖАСТАРҒА ӨСИЕТ.....	31
АУДАНЫМНЫҢ АЙНАСЫ.....	31
МЕН ҚАЗАҚПЫН !.....	32
ҚАЗАҚ ТІЛІ.....	32
ЖЕҢІСКЕ БАСТАП КЕЛЕДІ.....	33
АҚ БАСЫМДЫ ИЕМІН.....	33
СОҒЫС.....	34
ҚАРСЫ ШЫҚПА ХАЛҚЫҢА.....	34
СОҒЫС АРДАГЕРЛЕРІ.....	35
ӘКЕ АМАНАТЫ.....	37
БОЛСЫН ҰЗАҚ ҒҰМЫРЫҢ.....	37
ЖАРҚЫРАЙДЫ БИІКТЕ.....	38
КАҺАРМАН СОВЕТ ХАЛҚЫ.....	38
ЛЕНИНГРАД АУДАНЫНЫҢ АҚЫНЫМЕН АЙТЫСТАН ҮЗІНДІ.....	39
АБАЙ - ПОЭЗИЯ ПАЙҒАМБАРЫ.....	40

ОТЫЗ БЕС КӨКТЕМ КЕЛДІ СОДАН БЕРІ	41
ЖЕҢІС КҮНІ	41
ҰСТАЗЫМ ЖҮНІСБЕК ЖАНГУНАКОВ СМАИЛ ҰЛЫНА 100 ЖЫЛ	42
ЕРКІН НУРЖАН-ҰЛЫ АУЕЛБЕКОВТІ ЖОҚТАУ	42
ӨТКЕН ӨМІРДІ ҚЫСҚАША ТАЛДАУ	43
ӘЛЕМГЕ ТАНЫТАЙЫҚ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫН	46
ҚАЗДАР ҰШЫП БАРА ЖАТЫР ҚАҢҚЫЛДАП	46
СЕКІЛДІ АҚХАН ЖҮЛДЫЗ ӨМІР ӨТЕР	47
БЕЙБІТШІЛІК САҚТАЛСЫН	49
ҚАРТТАР КҮНІ	49
ҚА Р Т Т Ы Қ	50
КӘРІЛІК ДЕГЕН ЖАҚСЫ ЕКЕН	51
ӘРДАЙЫМ КӨҢІЛ ТӨРІНДЕ	51
АҚАН СЕРІ	52
Е Д І Л	52
АЗА КҮНІ	53
ӘРҚАШАН ЗЕРДЕМІЗДЕ	53
ЗАМАНА ТОЛҒАУЫ	54
ҰҚСАП ЖАЗДЫМ ШЫНДЫҚТЫ	55
БОЛЬНИЦА КҮҢДЕЛІГІНЕН	56
БАСЫНА БАЛДЫЗЫМНЫҢ БАҚЫТ КОНСЫН	56
ҚҰДАШАҒА	57
АНАМА	58
АНАЛАРҒА	58
АРДАҚТАЙЫҚ АНАЛАРДЫ	59
КЕУДЕҢ ТОЛҒАН КЕҢ ДҮНИЕ, АНАШЫМ	59
АНАМЕН ӨРКЕНДЕЙДІ ӨМІРІМІЗ	60
ЕЛ СЕҢІМІН АҚТАЙ БІЛ	60
СЫН САФАТЫ ТУҒАНДА	61
ДИҚАН	61
НАН	62
ШЫҒАЙЫҚ ЖАРЫСҚА	62
ДИҚАН ӘНІ	63
ДИҚАНҒА ЖІГЕР	63
КОММУНИСТІК СЕҢБІЛІК	64
АЛТЫН АСТЫҚ	64
КЕЗЕКПЕН ҚОЙ БАҒЫП ЖҮРГЕНДЕ	65
ҚАЙРАН ДОСТЫМ КӨРГЕН КҮНІҢ ҚОР ЕКЕН	66
ӘЗІЛ - ШЫНЫ АРАЛАС	67
НАЗКЕНГЕ	67
ЖАС ҰСТАЗҒА	67
КЕМШІЛІККЕ БЕРІЛМЕСІН КЕҢШІЛІК	68
НЕКЕ КОДЕКСІ	69
КӨПЕЙІМ СЪЕЗБЕГІМЕ	71
КЕЛІНІМ АНАРҒА	71
ЕКЕУІНЕ	71
СЪЕЗБЕГІМЕ-25	72
ӘСЕЛІМЕ	73
АМАНГЕЛДІ ТОКСАНБАЕВҚА	74
МӨЛДІРІМЕ	75
МИРАСҚА	76
СҰҢФАТЫМА	76
СҰҢФАТТЫҢ ҮЙЛЕНУ ТОЙЫНА	76
БАЯШКАМА	76
ЛӘЗЗАТ	77
АЗАМАТЫМА	77
ДАРХАНЫМА	77
АЛИЯМА	78
БОЛАТЫМА	78
РАУЗАМА	79
ГҮЛЬНАШКЕМЕ	79
ҚАЙРАТЫМА	79
ШЫНАРЫМА	79